*Мақсатым – тіл ұстартып,*
*өнер шашпақ...*
АБАЙ.

ISSN 2410-6712

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың наурыз айынан бастап шығады

**3/2019 НАУРЫЗ**

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

***Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева, Жанғара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп, Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.***

**МАЗМҰНЫ**

*Ұлы даланың жеті қыры*

**М. ӘБІЛҰЛЫ.** Ғұн дәуіріндегі ауыз әдебиеті ....3

*Көкейкесті көзқарас*

**К.Қ. ДӘРКЕНБАЕВА. Ә.М. ШАБАНБАЕВА.** Қазақ тілі әдістемесі ғылымындағы қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі ....15

*Ой салар жолдар*

**Р.РАМАЗАНҰЛЫ.** Жойылған халықтар аллеясы ....26

*Ұстаз ұсынысы*

**А. С. БАЙМЫШОВА.** Жаңартылған білім мазмұны – заман талабы ....31

**С. С. ҚАЛИЕВА.** Әдеби шығармаларды оқытуда білім алушылардың жас ерекшелігін ескеру ....33

*Абайтану*

**А. НҰРЛЫБАЙҚЫЗЫ.** Абай шығармаларының тәрбиелік мәні ....42

*Ізденген жетер мұратқа*

**М. МАЛИКОВА.** Сөйлеу актілері: локутивтік, иллокутивтік және перлокутивтік деңгейлері ....48

**Ә. ӘСІЛБАЙ.** Асқар Алтай шығармаларының көркемдігі ....59

**С. Қ. САПАРҒАЛИЕВА.** Бақыт Беделханұлының поэзиясы туралы ....65

*Қазақ әдебиеті. озық тәжірибе, ортақ әдіс*

**К. М. ТАСМАҒАМБЕТОВА.** Т. Ахтанов «Күй аңызы» әңгімесіндегі өнер иелерінің тағдыры ....73

**Ф. ШАМАНОВА.** М.Шаханов «Нарынқұм зауалы» поэмасы ....81

**Ә.Ә. ПІРІМОВА.** Жер-судың аты – тарихтың хаты ....87

*Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс*

**Ж.СЕНГЕРБЕКОВА.** Өсімдіктер әлемі ....98

**Г. Қ. ШАДИНА.** Қоршаған орта және адам ....106

*Білім бастауы – Бастауыш*

**С.К. РАИМКУЛОВА.** Үй жануарлары ....112

*Уақыт және тарих*

**Г.К. ЖОЛМАҒАМБЕТОВА.** Тәуке хан тұсындағы Қазақ хандығы ....120

*Өнеге сағаты*

**Л.Е.ШЫРДАБАЕВА.** Қазақ жырының Хантәңірі ....125

*Рухани байлық*

**М. СЕКСЕМБАЙҚЫЗЫ.** Бір ел – бір кітап ....135

*Кітапхана тынысы*

**Л.БУЛТЕКОВА.** Ұлы даланың жеті қыры – жеті алаштың тарихы ....142



**М. ӘБІЛҰЛЫ,**
**Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан журналистер одағының мүшесі.**
Тараз қаласы

# ҒҰН ДӘУІРІНДЕГІ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

Тәуелсіздік әдебиетімізге де тәуелсіздік алып келді. Енді біз өз еліміздің, өз жеріміздің кіндігінде пайда болған, қалыптасқан әдебиетімізді өркендетуіміз қажет. Қазақ жырауы Өмірзақ Қалбайұлы көне ғұн дәуірінің қиссасы ***"Алаңқай батырды"*** жарты ғасыр жырлап келді. Осы қисса арқылы қазақ жыраулары Молақсай, Тоғанас тарих сахнасына шықты. Ғылыми айналысқа енді.

***"Алаңқай батыр" қиссасындағы*** бір ерекшелік – мұндағы сюжеттер қияли тұрғыда емес, шынайы тұрғыда сипатталып отырады. Бұл – аса ауқымды дүние. Сонымен бірге осы ғұн дәуірінде пайда болған өлеңдерден үзінділер, тасқа қашап жазылған жәдігерліктер табылып жатыр. Мұның бәрі – әдебиет! "Қазақ әдебиеттану ғылымы" деп аталатын ғылымда "Қазақ әдебиетінің тарихы" деп аталатын сала бар. ***Осы салада қазақ әдебиеті тарихының, оның ішінде қазақ жазба әдебиетінің қай дәуірден басталатыны әлі ашық жазылмайды. Яғни зерттелмеген.***

Зерттелмегені – ғалымдарымыз кеңестік-коммунистік идеология шырмауығына шырмалып қалды. Ал, ежелгі дәуірлердегі ауыз әдебиеті туралы мағлұматтар, сол ежелгі дәуірде болған тарихи, тарихи емес оқиғалар сипатталған ауыз әдебиеті үлгілері жоқ емес. Олардан "Алып Бамсы (Алпамыс батыр) қиссасы", белгілі ғалым Әлкей Марғұлан жоғары баға берген, әйгілі қазақ жырауы Өмірзақ Қалбай жырлаған "Аланқай батыр" қиссасын атап айтуға болады. Бұл жәдігерліктер ғұн дәуіріндегі ауыз әдебиеті үшін аз жәдігерліктер емес. Демек, ғұн дәуірінің ауыз әдебиеті зерттеуді күтіп отырған кезең болып есептеледі.

***"Алпамыс батыр" қиссасы*** туралы М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев, Қажым Жұмалиев, М. Ғабдуллин, Р. Бердібай, С. Қосан, Тоқтар Әлібек, Алпысбай Тамаев, Пазылбек Бисенбаев, Бақыт Сарыбалаұлы, Хазретәлі Тұрсын, Сәрсенбек Сахабат, Виктор Жирмунский, Э.Оллворт т.б. ғылыми еңбектер жазды.

"Алпамыс батыр" жырының көне дәуірде пайда болған "Қорқыт Ата" кітабының үшінші тарауында баяндалатын "Бәмсі-Бейрек" хикаясымен ұқсастығы жөнінде М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты Ежелгі және орта ғасыр әдебиеті бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты Серікбай Қосан былай деп жазды: *"...Алпамыс батыр" жырындағы оқиғалар "Қорқыт Ата кітабының" үшінші тарауында баяндалатын "Бәмсі-Бейрек" хикаясына өте ұқсас. Мұндағы оқиғада Бәмсі-Бейректің әкесінің аты- Байбөрі. Жырдың бір тұсында Бәмсі-Бейректі "Алып Бәмсі" деп атайды. Алпамыстың түбі осы "Алып Бәмсіден" шыққан болар, бәлкім..."*.

Ауыз әдебиеті – ауыздан-ауызға ауызша айту арқылы тарап, өмір сүретін дүние. Сондықтан айтушылар *(информаторлар)*, жыраулар, қиссашылар, ертекшілер ауыз әдебиеті үлгілерін өскелең ұрпаққа жеткізу барысында оқиғаны әсерлі ету мақсатында өз жанынан оқиғаларды, адам аттарын өзгертіп, өзінше эпизодтарды ойдан шығарып қосатын болған. Бірақ түпкі қазығы мен айтар идеясы сақталған. Бұл жөнінде ауыз әдебиеті үлгілері туралы зерттеу еңбектер жазған ғалымдар Т. Кәкішевтің, Р. Бердібаевтың басқа да ғалымдардың пікірлері бар. Эпостық әдебиеттің күрделі дүние екенін, жазу-сызу болмаған көне дәуірлерде ерекше қарқынмен дамығанын, айтушылардың өзінен мыңдаған жылдар бұрын пайда болып, қалыптасқан дүниелерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе білгенін біз білуіміз керек. Бұл жөнінде белгілі ғалым Р. Бердібаев: *"...Айтушы мен жыршы қандай хикаяны болмасын тыңдаушы ортаға лайықтап, белгілі бір тарихи дәуірге "жақындатып" әкелетіні де түсінікті. Көне оқиға шығармаға айналғанда, белгілі дәрежеде жаңаша талданбай тұрмайды. Жырда, шартты*

*түрде болса да, оқиғалар өтетін, кейіпкерлер өмір кешетін мекендер, елдер аттары көрсетілуі дәстүге айналған нәрсе..."* деп жазса (Р. Бердібаев, "Эпос-ел қазынасы", Алматы, "Рауан" баспасы, 1995-жыл, 19-бет), ғалым С. Қосан былай деп жазады: *"Негізі, эпос деген – көпқабатты дүние. Әр дәуірдің жырға қосар элементтері, оқиғалары болады. Әр дәуірдің, әр атаның ұрпақтары атадан балаға мирас болып келе жатқан жырға өз заманымыздағы жаңа бір оқиғаларды қосып отырады...".*

"Алпамыс батыр" қиссасы туралы М. Әуезов: *"Алпамыс батыр" әңгімесі бұл жағынан қарағанда қазақ елінің ескілігі **(ерекшелеген-мен)** болады..."* – деп жазды. Орыс ғалымы В.Жирмунский болса: *"Алпамыс батыр" жырында көне дәуірдің **(ерекшелеген-мен)** салт-санасы мен әдет-ғұрпы анағұрлым айқын бейнеленген..."* – деп жазды.

Белгілі ғалым Н. Келімбетов "Қазақ әдебиеті бастаулары" деп аталатын кітабында ***"Атилла" дастаны*** туралы былай деп жазады: *"Атилла" дастаны – ғұндардың Европаға қоныс аударып, Еділ (Атилл) өзені мен Атлант мұхиты аралығында билік жүргізген дәуірін жыр ететін туынды. Сол себепті бұл дастан кезінде ғұндардың ата мекені болған ұланғайыр қыпшақ даласында емес, сол көшпелі тайпалардың ерлік шайқастар жасаған жері – Европа елдерінде жақсы мәлім еді..."* (Н.Келімбетов, "Қазақ әдебиеті бастаулары", Алматы, "Ана тілі" баспасы, 1998-жыл, 46-бет).

Қазақтардың арғы ата-бабалары саналатын ғұндар жөнінде Н. Келімбетов: *"Біздің жыл санауымызға дейінгі III-I ғасырларда ғұндар бір орталыққа бағынатын, аса қуатты мемлекет құрды. Олар Еділ мен Орхон өзендері аралығын, яғни Турфан, Бесбалық, Жетісу өңірінен бастап, Алтай мен Саян тауларына дейінгі даланы, Арал және Каспий теңізі жағалауларын мекен еткен..."* – деп жазды (Н. Келімбетов, "Қазақ әдебиеті бастаулары", Алматы, "Ана тілі" баспасы, 46-бет).

Еуропалықтар Атилла деп атап кеткен қазақ түркілерінің патшасы Еділ Батыс Еуропаға жорық жасап, осы елдердегі құлдық билікті жойды. ***Бұл – адамзат тарихындағы үлкен құбылыс болды.***

Еділ патшаның әскерлерінің соғыс тактикасы таңғаларлық әрі жойқын болды. Жеңіл қаруланған Еділ патшаның әскерлері таң алдында болсын, тал түсте болсын, ымыртта, құптан кезінде, тіпті елдер ұйықтап жатқан кез, таң алдында, сұрапыл соғысты ұйымдастыра алатын. Мұндай соғысты Еділ патшаның өзі ұйымдастыратын.

Ал, соғыс тарихындағы әскерлер ең көп қаза болған, тарих беттерінде қоюланған Каталаун соғысында Еділ патша әскерлері жағынан, Рим әскеріне қолбасшылық жасаған Флавий Аэций жағынан қаза болған әскерлердің санын қоса есептегенде, 160 мыңнан асты. Соғыс болған жазықта өлген әскерлерден адам аяқ басып жүре

алмады. Қызыл қанға бөккен топырақ қоңыр түске айналып, қиналған, айқайлаған, өкіріп жылаған әскерлердің дауысынан сау адамдар жынданды. Аяғы сынған, басынан жарақат алған, қарны ақтарылған аттар өлген әскерлерді басып жатты.

"Атилла" дастаны туралы Н. Келімбетов жоғарыда аты аталған кітабында былай деп жазады: *"Дастанда екі әскердің бір-біріне жақындап келе жатқан үрейлі сәті бейнеленген. Ұшы-қиыры жоқ көп әскер атының дүбірінен жер дірілдеп тұрғандай сезіледі. Сол кездегі соғыс дәстүрі бойынша, екі жақтың әскері арасында садақтың жебесі жетерліктей жер қалғанда екі әскер де кілт тоқтайды. Өйткені ортаға екі жақтың әскер басшылары шығып, жекпе-жек шайқаста күш сынасып көруі шарт еді..."*(Н. Келімбетов, "Қазақ әдебиеті" бастаулары, 49-бет).

Дастанда одан әрі Атилла мен Аетустың жекпе-жегі суреттеледі. Атилла Аетусты жеңіп, Рим әскерінің соғыс даласын тастап кеткені баяндалады.

Ғұн дәуірінің ауыз әдебиетіне кіретін, Еділ патша жырланатын ***қисса "Алаңқай батыр"*** деп аталады. Бұл қиссаны әйгілі жырау, әрі ақын, әдебиетші Өмірзақ Қалбай біраз жылдар бойы жырлап келген. Еділ патшаның Еуропаға жорығы тарихтан ойып тұрып орын алған. Әдебиетте де Еділ патшаның жорығы сипатталатын туындылар аз емес. Белгілі ғалым Р. Бердібаев ***"Кәусар бұлақ" атты кітабында*** Еділ патша туралы: *"Герман, Скандинавия елдерінің эпосында жаулаушы көшпенділердің көсемі Атилланың аты да сақталған, оның соғыстары да суреттелген. Бұл тарихи оқиғалар Батыс Еуропа халықтарының фольклоры ғана емес, жазба әдебиетінен де орын алғаны белгілі. Бұл арада біз тарихта орын тепкен ұлан-ғайыр оқиғалардың ғасырлар бойында ұмытылмай, аңыз, эпос, жыр түрінде айтылып келуі заңдылық екенін көрсеткіміз келеді..."* – деп жазды (Р. Бердібаев, "Кәусар бұлақ", Алматы, "Жазушы" баспасы, 1989-жыл, 39-бет).

"Алаңқай батыр" қиссасына белгілі ғалым Ә.Марғұлан жоғары баға береді: *"Алаңқай батыр" – Батыс Қазақстанда кең таралған ертегі. Сондай-ақ әр түрлі нұсқасы бар. Қазақ фольклорының асыл мұрасының бірі. "Алаңқай батырды кезінде қазақтың талай ақындары жырлаған болатын. Алайда, әйгілі ақындар Сабыр жырау, Құдайберген ақын және басқалардың "Алаңқай батыр" туралы жырлары біздің заманға жетпей қалды.*

*Ө. Қалбайұлы осы қазақ халқының асыл мұрасын үлкен дастан етіп қызыл тілмен жырлап шыққан... Бұл поэманың және бір маңызды жері – Еділ патша туралы жырланады. Ғұн патшасы Еділдің образында оның әділ басқарушы болғаны айтылады..."* – деп жазды (Ә. Марғұлан, кітапта: Ө. Қалбайұлы, "Алаңқай батыр", Алматы, "Жазушы"

баспасы, 1992-жыл, 5-бет).

***Міне, біз өзіміздің бай балалар ауыз әдебиеті үлгілерін зертеп, зерделей амай жатырмыз.*** "Алаңқай батыр" қиссасындағы Алаңқай нағашысын іздеп алыс сапарға аттанады. Қиссада ол – он үш жасар бозбала жігіт. Еділ патшаның әскерлері сапында соғысып, Европаға дейін барады. Қиссаның бір ерекшелігі – мұнда Молақсай жырау мен Тоғанас жырау жырланады. ***Европалықтар "Атилла" деп атап кеткен Еділ патша – тарихи тұлға.*** Молақсай жырау да, Тоғанас жырау да – тарихи тұлғалар. Осылай деп айтуға негіз бар. Сыпыра жырау да, Қотан жырау да біздің әдебиетіміздің тарихына ауыз әдебиеті арқылы келді.

***Ал, Алпамыс (Алып Бамсы) ше?!*** Алпамыс батыр да тарихи тұлға, ауыз әдебиетіне Қорқыт Атаның ***"Қорқыт Ата кітабы"*** арқылы келді. Біз ***"Алпамыс батыр"*** қиссасын ғұн дәуірінің ауыз әдебиетіне жатқызуымыз керек. Сонда ғұн дәуіріндегі ауыз әдебиетінің (соның ішінде балалар әдебиетінің) олқы тұстары толықтырылады.

Белгілі ғалым Ә. Қоңыратбаев "Алпамыс батыр" жыры туралы былай деп жазды: *"Қазақ тілінде жырдың 10-11 нұсқасы бар. Солардың "Қисса Алпамыс" деп аталатын бір саласын Жүсіпбек Шайқыисламұлы 1899-жылы Қазанда бастырған. Ә.Диваев 1896-жылы жырдың толығырақ бір вариантын Жиемұрат Бекмұхамедұлынан жазып алып, қазақ тілінде жариялаған. Соңғы жылдары мектеп оқулықтарына Майкөт Сандыбаев жыры еніп жүр. Ол 1953-жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Ащысай руднигінде тұратын Желеу Жақыпов деген кісіден жазып алған. Желеу жырау бұл жырды Сұлтанқұл Аққожаевтан (1948-жыл), ал ол XIX ғасырда ғұмыр кешкен Майкөт Сандыбаевтан жазып алған екен. Сол себепті бұл жырды Майкөт-Аққожаев нұсқасы дейміз. Жырдың бұл нұсқасы 1956 жылы жеке басылым ретінде баспа көрді. Кейін "Алпамыс батыр" жинағына да енді.*

*Бұдан басқа жырдың Қ. Серғазиев, (Түлкібас), Ә.Байтұрсынов (Түркістан), Ә. Қоңыратбаев (Шәуілдір), Ы. Жүсіпов (Буланов ауданы), С. Жаңбыршин (Ақбұлақ ауданы) нұсқалары да бар...".*

Белгілі ғалым Ә. Қоңыратбаев орыс ғалымы В. Жирмунскийдің "Алпамыс батыр" қиссасы мен "Одиссея" дастандарының ұқсастығы жөнінде ғылыми тұжырымдары туралы өз ойын былайша білдіреді: *"Бұл дастанды жете зерттеген В.М. Жирмунский "Алпамыс" пен "Одиссея" сюжеттерінің арасында ұқсастық бар екенін айтады. Одиссей жаудан қайтқанда, оның әйелін он жеті батыр алмақшы болып, баласы Телемахқа қорлық көрсетеді. Алпамыс болса, он бес жыл зынданда жатып, Ұлтанқұл алғалы жатқан әйелі мен баласы Жәдігерді құтқарады. Бұл*

*ұқсастық тегін болмаса керек. Біздің дәуіріміздің жыл санауына дейінгі VI-V-ғасырларда гректер орта Азияны билеп, сақтармен көп соғысқан. Олардың ертегі, аңыздарын, жағырапиясын хатқа түсірген...".*

Ә. Қоңыратбаев онан әрі былай деп жазады: *"Алпамыс батыр" жырының оқиғасы "Қорқыт Ата кітабының" кейбір тарауларымен үндес. Мысалы, Бәмсі Байрақ жайындағы жыр осы Алпамыс сюжетіне құрылған.*

*"Алпамыс батыр" жырының ертеде туғандығын көрсететін келесі бір белгі – ондағы шамандық ұғымдар. Қазақ эпосында әулие, Аллаға сыйыну осы жырдан көбірек байқалады. Солай бола тұрса да, Байбөріге бала беруші Әзірет Сұлтан емес, Бабай Түкті Шашты Әзиз болып шығады. Бұл – шаманизм белгісі. Сонда жыр Ислам дәуірінен бұрын туған **(ерекшелеген-мен)** болады..."* (6-бет).

"Алпамыс батыр" жырының негізгі діңгегі көне дәуірде жатқанын дәлелдейтін тағы бір деректі Қазақстан ұлттық энциклопедиясынан табамыз: *"Мазмұны терең, көркемдігі мен тарихи шындықты қамтуы жағынан "Одиссея", "Манас", "Калевала", "Қобыланды батыр" т.б. жырлар секілді әлемге танымал эпостық жыр. "Алпамыс батыр" жырында халықтың басынан өткен қаһармандық оқиғалар эпикалық әсірелеу заңдылығымен берілген. Жырда талай заманның түсінігі, дүниетанымы, шындығы қат-қабат қорытылып, жинақталған. Мұнда түрік қағандығы дәуіріндегі (V-VII ғ.) азаттық үшін күрестің сарындарынан бастап, XVII-XVIII ғасырдағы қалмақ шапқыншыларына қарсы қаһармандық ұрыстардың нақтылы елестері де сезіліп отырады. Зерттеушілер (В.М.Жирмунский т.б.) "Алпамыс батыр" жырында көне дәуірдің салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы **(ерекшелеген-мен)** негұрлым айқын бейнеленгенін атап өткен. Жыр дәл қазіргідей классикалық бүтіндікке ғасырлар бойында жетілу, толығу арқасында жеткен. Әсіресе, жырдан батырлық ертегілердің жігі айқын байқалуы эпосты ең байырғы туындылардың бірі **(ерекшелеген-мен)** деп есептеуге мүмкіндік береді. Мысалы, жырда қарт ата-аналардың жаратқаннан перзент тілеп, әулиелерге түнеп мінәжат етуі, болашақ батырды зарығып көруі, жас қаһарманның жедел ер жетіп, айрықша қайрат танытып, өзі таңдап жүйрік ат мінуі, жау шапқыншылығына ұшыраған елінің кегін қайтарып, туған елін бақытқа кенелтуі, өзіне өмірсерік болатын сұлу жар таңдап бақытты өмір кешуі секілді ежелгі батырлық ертегілерге тән тұрақты сарындар жырда мейлінше анық және толық көрсетіледі..."* (Қазақстан ұлттық энциклопедиясы).

***Қазақ халқында Ауызша ғылым болды.*** Ауызша ғылымға *ауыз әдебиеті, ауызша*

*айтылатын шежіре, жыл санау* жатты. Мұның бәрі көшпелілердің өмір салтында, әдебиеті мен мәдениетінде өте маңызы бар ғылымның бір түрі еді. Осы кезге дейін адамның өмірге деген көзқарасын арттыратын, санасын жетілдіретін ғылымның бұл маңызды саласы айтылмай келді.

Ғұндардың ауыз әдебиеті – ауызша ғылымның жемісі. Сондықтан ғұн дәуіріндегі ауыз әдебиеті жәдігерліктерін өскелең ұрпаққа жеткізіп, олардың рухани байлығын арттыра отырып, отаншылдық сезімде тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты мәселесі.





**К.Қ. ДӘРКЕНБАЕВА,**
**С.Ж.Асфендияров атындағы**
**Қазақ ұлттық**
**медицина университетінің аға**
**оқытушысы.**

**Ә.М. ШАБАНБАЕВА,**
**Ы.Алтынсарин атындағы**
**орта мектеп.**
Алматы облысы,
Еңбекшіқазақстан ауданы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ ӘДІСТЕМЕСІ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ҚАТЫСЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Жалпы білім беретін мектептің кезек күттірмейтін негізгі міндеттерінің бірі өсіп келе жатқан ұрпаққа сапалы білім мен тәрбие беру болып табылса, оның ішінде өзге тілді бастауыш сыныптарда қазақ тілінде қарым-қатынас жасауды негізге ала отырып, оқу үрдісін жақсарту, оқушылардың оқуға, білім алуға деген қызығушылығын оятатын жұмыс түрлерін, әдіс-тәсілдерін үнемі іздестіру қажеттілігі арта түсуде.

Мемлекеттік тілді меңгеру, үйрену барысында құзыреттілікті қалыптастыру десек, қазіргі мектептегі оқу үдерісін ұйымдастыру жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде оқушылардың құзыреттіліктерінің қалыптасуын қамтамасыз ете алады.

Елбасының Жолдауында адамның өмір бойы білім алуына жағдай туғызуымыз керек деуі, яғни білім мен тәрбиенің біртұтастығын сақтай отырып, жас ұрпақтың бойында өзіндік бағдарын айқындауға мүмкіндік беретін, табысты өмір сүруге жол ашатын құзырлылыққа жеткізетін шешуші құзыреттіліктерді қалыптастыру қажет екендігін айғақтайды.

Соңғы кездерде білім беру нәтижелерінің құзыреттілікке бағдарлануы мәселесінің күн тәртібіне қойылуы «құзыреттілік» ұғымына берілетін анықтаманың да дәлдене түсуін қажет етуде.

Қазақстан Республикасы 12 жылдық жалпы орта білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жобасында «Құзыреттілік – әрекеттің әмбебаб тәсілдерін оқушы игеруі арқылы көрінетін білім беру нәтижесі» деп көрсетілген. Әрине, бұл жердегі әрекет – танымдық әрекет. Құзыреттілік нәтижесі мен білім нәтижесі – бір емес. Білім нәтижесі білім беру пәндері арқылы көрінетін болса, құзыреттілік нәтижесі пәнаралық қызмет арқылы көрінеді. Яғни пән мазмұнында «мен жасаймын» әрекетінің қарастырылуы – шешуші құзыреттілікті қалыптастырудың негізгі көзі. Шешуші құзыреттілік – бұл пәндік білімдер жиынтығы емес, ол – жаңа сапа, алынған білім мен



біліктілікті тәжірибеде қолдана алу қабілеттілігі.

Демек, құзыреттілік – **біріншіден,** білім беру үдерісіндегі білім, білік, дағдылардың түпкі нәтижесін көрсетуі; **екіншіден,** нәтижеге бағдарлана берілген білімнің негізгі көрінісі; **үшіншіден,** шешуші құзыреттілік адам бойындағы сапалар мен іс-әрекетіндегі үйлесімділік (ақпараттық, құқықтық, басқарушылық, психологиялық және т.б.)

Өзге тілді мектептердің «Қазақ тілі» сабақтарында оқушылардың катысымдық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі – тілдің қатысымдық және когнитивтік салаларының өзара ортақ бағыттары мен ұстанымдарынан туындаған жаңа бағыт. Бұл бағыт бойынша оқушылардың тілді оқуда сөз мағынасын қабылдауда, пайымдауда, түсінуде танымдық ерекшеліктерін ескеру, олардың түрлі өмірлік жағдаяттарда, сабақта өз ойын, пікірін жеткізу, қатысымдық міндеттерді шешу, қатысымдық мақсатты іске асыруда тілдің заңдылықтары мен нормаларын орынды пайдалана білу дағдыларын қалыптастыру мәселелері алдыңғы орынға шығады.

Қатысымдық құзыреттілігі қалыптасқан оқушы екінші адаммен, сыныптасымен белгілі бір ақпаратты алмасып қана қоймайды, сонымен қатар екінші адамға немесе ортаға өз ойын түсіндіреді,

олардың пікірін ұғады. Оқушының екінші адамға өз ойын ұғындыруы, онымен түсінісуі оның әлеуметтенуіне, өзін қоғамның мүшесі ретінде сезінуіне әкеледі. Сондықтан да бұл терминнің мән-мағынасына түсініктеме бергенде, ең алдымен қатысымдық құзыреттілік өз пікірін дәлелдейтін, тілдік қарым-қатынаста айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым және тілдесім үдерістерін жүзеге асыратын, өзіндік пікірі бар жеке тұлғаның бойында қалыптасатын қабілет екендігіне назар аударған жөн.

Қатысымдық құзыреттілік мазмұнын іріктеуде оқушылардың қатысымдық мұқтаждықтары, қызығушылықтары, тілдесу табиғаты ескеріледі. Себебі мазмұн мен қатысымдық құзіреттілікті меңгеру үдерісі арасындағы байланыс айқындалуы тиіс. Сондықтан өзге тілді бастауыш мектептің «Қазақ тілі» оқу бағдарламасында фонетика, лексика, морфология, орфография мен орфоэпия, грамматика қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізгі зерттеу нысаны болып табылады. Мұнсыз қазақ тілінің ауызекі заңдылықтары мен грамматикалық ережелерін, синтаксистік құрылымын меңгермей тұрып, оқушы өз ойын толық әрі түсінікті етіп басқаға жеткізе алмайды.

Әрбір оқушының қатысымдық құзыреттілікті меңгеруі – оқытудың соңғы нәтижесі, мақсаты



болып табылады. Бастауыш мектепте жүргізілетін жұмыстарда қол жеткізілетін нәтижелер оқушының өмірлік дағдыларына негіз қалайтын тілдік және қатысымдық құзыреттер бойынша саралануы тиіс. Мысалы, қатысымдық құзырет бойынша оқушының сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін ***(тыңдалым, оқылым, сөйлесім, жазылым, тілдесім)*** өзара бірлікте меңгерту басшылыққа алынған. Сөйлеу ортасына, сөйлеу мақсаты мен тақырыбына сәйкес диалог, монолог құрай алу, түрлі жағдаяттарда әңгімелесу, пікірлесу, өз ойын түсінікті жеткізу (кіммен? қайда? қашан? не туралы?), қатысымдық біліктіліктерін қалыптастыру оқушының өмірлік дағдысына берік негіз қалайтыны сөзсіз.

Осы аталған қатысымдық құзыреттің және тілдік, мәдени-танымдық құзыреттердің негізінде бастауыш сатыда «Қазақ тілі» пәнінен берілетін білім мазмұны қажетті тілдік білім, білік, дағды жүйесін меңгертуді және төмендегідей шешуші құзыреттіліктерді қалыптастыруды қамтамасыз етеді:

– қатысымдық құзыреттілік әр түрлі жағдайларда алдына қойған міндеттерін шешуде, өзінің көзқарасын әдеп нормасына сәйкес жеткізуде ауызша және жазбаша коммуникациялардың түрлі құралдарын пайдалануға мүмкіндік

туғызады. Жоғарыда айтылғандарды саралай келе, ***қатысымдық құзыреттілік дегеніміз*** *– өзге тілді мектеп оқушыларының қазақ тілінде тілдік қатынас жасауы, ұғынысуы, түсінісуі, күнделікті өмірдегі түрлі жағдаяттарда тілдесім әрекеті арқылы өз ойын жеткізуі.*

Бұл орайда оқушы бойында білімге деген құштарлық, өзге тілді үйренуге деген қызығушылық пен белсенділік пайда болары сөзсіз. Сонымен бірге оқушының сөйлеу тілін меңгеруіне басты назар аударылып, оларды шындық өмірде сөйлеуге жетелейтін жаттығу, тапсырма түрлерін көрсететін әдіс-тәсілдер жасау қажет деген қорытындыға келдік.

Бастауыш мектепте қазақ тілін оқытуда қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру мақсатын айқындау үшін өзімізге дейінгі әдістемелік зерттеулер мен тәжірибелерге арнайы талдау жасауды жөн көрдік.

Қазақ даласында оқыту, оқулық құрастыру ісін алғаш қолға алған ғалым Ы.Алтынсарин өзінің қазақ балаларына арналған «Қырғыз хрестоматиясы», «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты оқулықтарында арнайы қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру мәселесін қарастырмаса да, балаларда сөйлеу әрекеті біліктіліктерін қалыптастыратын



материалдар мен тапсырмалар берген.

Қазақ тілін оқыту мәселелеріне айрықша мән берген, оқулықтар жазған, өзіндік пікірлер айтқан тілші-ғалым А.Байтұрсыновтың ұлт тілін оқыту әдістемесінің негізін қалауда көптеген мақалалары, оқулықтары, бағдарламалары жарық көрді. Ғалымның «Оқу құралы», «Сауат ашқыш», «Тіл-құрал», қазақ тілінде сауат ашатын «Әліппе» сияқты оқулықтарын жазудағы мақсаты қазақ тілін танытатын мектеп оқулықтарын жазу болды. А.Байтұрсынов «Оқу құралы», «Әліппе» оқулығында тілдің дамуына ерекше мән бере отырып, оқытудың тиімді жолдарының бірі – әріптерді, яғни әліпбиді дұрыс үйрету, дыбыстарды сауатты оқу, жазу екенін көрсетеді. А.Байтұрсынов «Түрікшелер құрылтай» мақаласында тіл үйренудің ерекшеліктерін айта келіп, сөйлеу әрекеті мен ережесінің қатынасын анықтайды: *«Тіл білімі ереже жаттату түрде үйретілмей, сөздің тұлға, мағына, қисын жағын тану түрде үйретілу керек» [7, 1].*

Қазақ тілін пән ретінде ұлттық тілімізде тұңғыш баяндаушы ғалым М.Жұмабаев болды. Осы тұрғыдан М.Жұмабаевтың «Бастауыш мектептегі ана тілі» (1923), «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жайында» (1925) еңбектері бар. М.Жұмабаев баланы тиімді оқыту жолына мән бере отырып:

*«Баланың жаратылысы солай, ол көру, есту, байқау, ұстап көру, жасап көру секілді сезімдері арқылы қабылдайды. Бір затпен таныстырғанда, осы жолдарды ұстанса, бала білімі берік болады. Құр жаттау есте қалмайды»* десе [8, 87-88], М.Дулатов *«Баланы оқыған нәрсенің бір-біріне ұйқастырып, ойлануына, оқып шыққаннан кейін жадында ретті, хәм толық мағынасымен меңгеруге әдеттендіру керек»,* – деп атап айтқан [9, 239].

Қатысымдық тапсырмалар, бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік жасайтын тілдік жағдаяттарды қолдану оқушының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру мақсатымызды саналы игеруге жол ашады. Тапсырмалардың жағдаятпен байланысты іске асуы материалдардың сөйлесім әрекеттеріне байланысты болуы ұтымды. Ғалым С.Рахметованың айтуынша, *«Оқушылардың әңгімелесуі – олардың сабаққа ынталылығының көрсеткіші»* [14, 97].

Сонымен қатар оқушылардың сөйлеу қабілетін дамытуда оған тілдік қарым-қатынастың оқушы өміріндегі маңыздылығын айта отырып, оның қарым-қатынасқа түскенде сөйлеуге, жауап беруге үйрету қажеттігі байқалады. Ол үшін алдымен қазақ тілін меңгерту барысында қатысымдық дағдылардың дамуына назар аудару қажет.



Сондықтан тілді меңгерту жалаң грамматика түрінде емес қатысымдық құзыреттілігі сөйлеу әрекетімен сабақтастырылуы керек.

Жоғарыда шолу жасалған еңбектердің өзге тілді мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі үшін өзіндік орны бар екені сөзсіз. Себебі олардың әрқайсысы қазақ тілін өзге тілді мектеп оқушыларына меңгерту ісіне қосқан үлесімен ерекшеленеді.

Жоғарыда айтылған ғалымдардың ой-пікірлерін саралай келе, өзге тілді 1-сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың алғышарттары ретінде материалдар мазмұнының дұрыс сұрыпталуы, қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыруда 1-сынып оқушыларының ерекшеліктерін, сондай-ақ жекелеген оқушылар сөйлеуін ескеру қажеттігі; сөйлеу әрекетінде түрлі жаттығулардың керектігі; қолданылатын әдіс-тәсілдердің оқушылардың белсенді сөйлеу қызметін дамытуға бағытталуы қажеттігі белгіленді.

Осы пікірлерді жинақтай келгенде, қазақ тілін оқытуда өзге тілді 1-сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың мәні мен маңызы мынадай:

– *қазақ тілі сабағында оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру*

*арқылы оқушылардың қоғамдық ортада еркін формадағы тілдік қатынасқа түсуіне, әлеуметтік ортаға енуіне ықпал етуге болады;*

*– оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру негізінде қазақтың төл әріптері бар сөздерін сөз тіркесі, сөйлем ішінде және өз сөйлеуінде қолдану білік, дағдысының қалыптасуына мүмкіндік жасалады.*

Өзге тілді 1-сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруда жұмыс қатысымдық, әңгімелесу, көрнекілік, түсіндіру, жаттықтыру, шығармашылыққа баулу, қатысымдық ойын әдіс-тәсілдерін қолдану балалардың тілдік қатынасқа түсіп, өз ойын басқаға жеткізуіне мүмкіндік тудырады.

Тұжырымдай айтқанда, қазақ тілін оқыту арқылы өзге тілді оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру – қоршаған орта мен қоғамдық-әлеуметтік ықпалдарға қатысты мұғалімнің оқу әрекеті барысында ұйымдастыратын, оқушылардың тілдік қатынасқа түсіп, өз ойын басқаға жеткізу.

Өзге тілді мектептердің 1-сынып оқушыларына «Қазақ тілін» қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру тұрғысынан оқыту, ***біріншіден,*** оқушылардың тілдік қарым-қатынас дағдыларды диалог, рөлдік ойындар, жағдаяттар арқылы



меңгеруіне мүмкіндік береді; ***екіншіден,*** оқушылардың қатысымдық құзыреттілік дағдыларын тұрақтандырып, жаңа қоғам талабына сай дүниетанымын кеңейтіп, ойлау қабілетін арттырады; ***үшіншіден,*** қатысымдық модельдерді қолдану арқылы оқушының алған білім сапасы артып, білімін қарым-қатынаста пайдаланып, шығармашылыққа баулиды, дамытуға мүмкіндік береді.

Қолданған әр түрлі әдіс-тәсіл тіл үйренушінің белсенділігін арттырып, дербестігін қалыптастырады, танымдық қызығушылығын арттырады.

Жас ұрпақты жан-жақты дамыту бүгінгі күннің басты талабы, осы талап тұрғысынан алғанда оқу тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі әдіс – тәсілдерін іздестіру және оны тиімді пайдаланудың маңызы зор. Ол үшін әрбір ұстаз көп оқып, ізденіс үстінде болу керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. – Алматы: «Ана тілі», 1992. - 416 б
2. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992 – 160 б.
3. Дулатов М. Мұғалімдерге. - Алматы, 1992. - 239 б.
4. Кемеңгерұлы Қ. Жат тілді оқыту әдісі// Жаңа мектеп, 1927, № 3-4
5. Қазақ тілі әдістемесінің теориясы мен технологиясы. – Алматы, 2007.- 184 б.

***Құрметті ұстаздар!***

*Қоғамдағы тіл жаршысы, тілдің тамырына нәр беріп, гүлдендірушісі де – Сіздерсіздер! Алдарыңызда отырған шәкірттеріңіздің ойлау санасына Қазақ тілінің “дәнін егіп, тамырының тереңге жайылуына” етіп жатқан еңбектеріңіз ұшан-теңіз!*

*Редакцияға (АЛЛАҺқа шүкір) күнделікті хаттар келіп жатады. Әр хатты оқып, саралап отырамыз. Сондай бір жұмыс күнінде қолыма осы мақала түсті.*

*“Ұбықтан қалған бір жалғыз” атты кітапты бала кезімізде оқып едік қой... Қандай қасірет! Оқып отырып, ығыңды басқан зіл-батпан ауырлық, көңіліңді басқан мұңды сезесің!*

*Сіздердің күнделікті жұмыс жоспарларыңызға араласудан аулақпыз! Тек сіздерге салар бір ой, осы мақаланы оқушыларыңызға оқып беріп, “Ұбықтан қалған бір жалғыздың” ауыр ойларын басты тақырып етіп, талқыласаңыздар...!*

***Редакцияның редакторы.***

**Р.РАМАЗАНҰЛЫ,**
**тарихшы,**
**“Әлем халықтары жазушылары одағының” мүшесі.**
Қызылорда облысы,
Қазалы ауданы,
Әйтеке би кенті

# ЖОЙЫЛҒАН ХАЛЫҚТАР АЛЛЕЯСЫ

***«Отаның сені жоғалтып алуы мүмкін, бірақ сен – ешқашан Отаныңды жүрегіңнен жоғалтпа!».***

Б. Шинкуба атты абхаздық жазушының ***«Ұбықтан қалған бір жалғыз»*** атты кітабынан түгел бір халықтың қалай жер бетінен жойылып кеткенін үнсіз оқыдым. Автор Кавказды



мекендейтін мыңдаған жылдарға созылған тарихы бар “***Ұбық”*** деген халықтың соңғы өкілінен сұхбат алып отыр.

Ресейдің қанды қылышына ілініп, аяусыз күрескен ұбықтар түгел дерлік қырылады. Кемпір-шалдар мен азғантай тобы Осман сұлтанының жарылқауына сеніп, Анадолының құмында азапталып, үйсіз-күйсіз тентірейді. Өз Отандары – қайсар Кавказды тастап, Түркияға келген ұбықтарды ешкім басынан сипамады. Аштыққа шыдамағандары сол жерде жантәсілім етеді. Заурхан Золак – сондай қырғыннан, өз халқының қалай жойылғанын көзімен көрген, жер бетіндегі соңғы ұбық.

***Аман қалған азғантай бөлігі түрік пен орыстың арасына сіңіп жоғалды. Енді жер бетінде «ұбық» деген халық жоқ. Сіз ол халықты енді көрмейсіз. Тек кітаптан ғана оқисыз. Әбден қартайып, қалжыраған қарттың журналистке берген сұхбатынан үзінді келтірейін. Қалай десек те, жойылған ұлттың соңғы тұяқ серпуі ғой:***

*«... тілдің жәйдан-жай жойылып кетуі мүмкін емес, себебі ол адамның ішкі жан дүниесінде емес-ау, судың, жердің, тастың ішкі дүниесінде де өмір сүреді. Қазір де сол ұбықтар елінде бұтақ пен бұтақ, тас пен тас, бұлақ пен бұлақ әлі де сол тілде, яғни менің тілімде, сөйлесіп жатқанына кәміл сенемін.*

*... мен абхаз тілін естігім келеді.* ***Отаныңнан***

***алыста жүргенде, ана тіліңнен басқа ештеңе ем бола алмайды екен.***

*Өзен – теңізге, темір – магнитке, адам – туған жеріне ұмтылады.*

*Мен, Заурхан Золак – осы кемеліне жетпеген дүниедегі соңғы ұбықпын!»*

***Кітап жаныңды ауыртатын осындай сөздермен аяқталады.***

Қазір әлемде 6500-ден астам тіл бар. Ғалымдардың зерттеуі бойынша, 15 күнде бір тіл жойылады екен (***https://massaget.kz/layfstayl/bilim/gumanitarly-ylymdar/40533/***). ***15 күн ішінде бір тіл жоғалады! (Байқайсыз ба, 15-ақ күнде өмір сүріп тұрған қоғамнан анау тереңінен тамырын аяусыз, жұлқи тартып алып, тарихтың қоқысына лақтырғандай, Бір Тіл Жоғалады! Сену мүмкін емес! Мүмкін болмаса да, бұл – Шындық, ащы Шындық!)*** Себебі, сол тілде сөйлейтін халық жойылып немесе өзге халықтың құрамына сіңіп, «өз тілінен тірідей айырылып» жатыр. ***Біздің солтүстігімізде орыс тілінің ықпалынан 47 тілдің тек 6-ы ғана аман қалған екен.***

Араларыңызда 1995 жылы 5 қараша күні дүниеге келгендеріңіз бар ма?

Дәл осы күні ***“Касаба” атты тіл*** ресми түрде жойылды деп жарияланды. Себебі 4-ші қараша күні Камерун елінде осы тілде сөйлейтін Богон есімді соңғы адам қайтыс болды.



***Ойлап қараңызшы,*** бір халық жер бетінен жоғалады. Енді оның салт-дәстүрі, мыңдаған жылдар бойы сөйлеп келген ана тілі, сол ұлтқа ғана тән мінез бен ерекшеліктерін енді сіз ешқашан көрмейсіз! Қазір біз жойылып кеткен аң-құстар туралы қалай әңгімелесек, біздің ұрпақтарымыз *“кезінде Жер планетасында осындай халық өмір сүрген, олардың ерекше салт-дәстүрлері болған екен”* деп әңгімелейтін болады. Ол халық қуанған кезінде осылай секіріп қимылдаған, ал мұңайып, көңіл-күйі түскенде, осындай судың жағасында тұрып, көздеріне жас алған. Ол халықтың ер жігіттері ұнатқан қызына осындай зат сыйлап, ұсыныс жасаған. Енді ол халық ешқашан қуанбайды. Бақытсыз болса да мұңаймайды. Төменде баяу өзен-анасы ағып жатыр. Бірақ оның жағасында тұрып, мұңын актаратын перзенті енді жоқ. Жас жігіттердің сүйгендеріне сыйлайтын дүниесі енді музейде экспонат болып тұр. Себебі оны тағар арулар енді жоқ. Енді оны тек ғалымдар мен туристер қызықтайды. Енді оның ұрпақтары *“біздің ата-бабамыз кезінде осындай болған, осындай жер үшін, ел үшін соғысқан”, –* деп ешқашан мақтана алмайды. Олардың тарихы – енді тек айналдырған бірнеше ғалымға ғана қызық. Егер ол ғалым сол халықтың тарихын бұрмалап, қаралап жазса, ешкім оны қорғап шырылдамайды. ***Себебі, ол халықтың өткенін қорғайтын ешқандай төл перзенті жоқ!***

Қазақстан – әлемге бейбітшілігімен, толеранттылығымен, ядросыз ел ретінде белгілі болды дедік. Астана – әлемдік қалаға айналуы тиіс. Міне, осындай әлемдік бейбітшілік пен бауырластықты уағыздайтын елімізде, басқа қалада емес, міндетті түрде елордамыз – ***Астанада осындай жер бетінен жойылып, мүлде құрып кеткен жүздеген халықтардың, біз айтқан жоқтаушысы жоғалған тілдердің үлкен аллеясы немесе ашық аспан астындағы үлкен мұражайын ашса деген ұсыныс бар. Әрбір қазақ өзі секілді екі аяқты пенденің қалай жер бетінен жоғалғанын көзімен көріп, жүрегімен сезінер еді. Себебі психологияның өзінде көзбен көру құлақпен естігеннен он есе әсер береді.***

Бәз біреулер бір нәрсе айтып қалғысы келіп *«Бөкейханов немесе өзге арыстардың ескерткішін тұрғызбай жатқанда, мұның не керегі бар?»* – деп балаққа жармасқан күшіктей шабаландайтын болар. Әлекеңдердің арманы – өзіне ескерткіш тұрғызу емес, қазақ тілінің, қазақ халқының мәңгі жасауы ***(Ескерткіштерін орнату да – біздер үшін ар алдындағы жағадан алар міндеттеріміз)***. *«Ойбай, қазақ тілі құрып жатыр»,* – деп газет-журналдарда кеңірдегімізді жыртып айғайлай бергенше, көзбен көріп, жүректі қозғайтын дүние жасасақ – тауда ойнап жүрген кейбір «шала қазақтарымыздың» өзі ойланары сөзсіз!







**А. С. БАЙМЫШОВА,**
**Ғ.Ақтаев атындағы**
**№6 орта мектеп мұғалімі.**
Ақтөбе қаласы

# ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

*«Ғасырлар мақсаты – саяси экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын ізгіленген XXI ғасырды құрушы іскер, өмірге икемделген, жан-жақты жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру.»*

***Н. Ә. Назарбаев.***

Өскелең елдің айбынды болашағы үшін – ең әуелі сапалы білім қажет. Қазіргі таңда білім беру мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Соған орай, бүгінгі таңда мұғалімнің алдында тұрған ***басты мақсат*** – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру, жаңа технологияларды меңгеру.

Сондықтан ұстаздың ***басты міндеті*** – білімді және өз ойын еркін жеткізетін, сыни тұрғыдан ойлай алатын алғыр, сауатты жас ұрпақты тәрбиелеу.

Білім беру бағдарламасының ***негізгі мақсаты*** – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың тиімді әдіс-

тәсілдерін қолдану.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ***ерекшелігі*** – спиральді қағидатпен берілуі. Бағалау жүйесі де өзгеріске ұшырап, критериалдық бағалау жүйесіне енгендігінен көреміз. Оқушының пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: ***қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау.*** Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын арттырады. Қалыптасқан бағалау жүйесі үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасында кері байланысты қамтамасыз етеді.

Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын – ***тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын*** жетілдіруге бағытталған.

Білім берудің ***маңыздылығы*** – жеке тұлғаның үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, зерттеу жұмысын жүргізу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білуінде деп ойлаймын. Жаңа ***бағдарламаның мәні*** – баланың функциональдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушының мектеп қабырғасында алған білімін өмірде қажетіне асыра білуі керек. Сол үшін де бұл ***бағдарламаның негізі*** – өмірмен байланыс ұғымында құрылған. Оқушының өмірдің барлық саласында ***табысты болуы үшін*** – мұғалім кәсіби біліктілігін көтеріп, тынымсыз еңбектенуі керек. Сондықтан да алдағы уақытта өз тәжірибемнің берер нәтижесі мол болады деген сенімдемін.



**С. С. ҚАЛИЕВА,**
**«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі», КМҚК.**
Семей қаласы

# ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІГІН ЕСКЕРУ

| | |
|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарлама-сына сілтеме)** | - Мектеп білім алушыларына көркем шығарманы қабылдатудың басты кезеңдері. Білім алушылардың жас мөлшеріне қарай сыныптарға топтап, әдеби материалдарды жоспарлаудың тиімділігі.<br>- V-VI сынып білім алушыларының психологиясы, әдебиетті оқуға ынта жігері. Олардың эстетикалық талғамын жетілдіруде мұғалімнің еңбегі.<br>- VII-VIII сыныптарда білім алушылардың әдеби шығармаға көзқарасы.<br>- IX-XI сыныптарда білім алушылар дене бітімі жағынан толысып қоймай, дүниетанымы, көзқарасы, сенімі нанымы жағынан да өсетіні. Олардың әдеби білім, эстетикаға, көркем өнерге ынтасы. |
| **Сабақтың мақсаты** | - *Оқу бағдарламасында оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай оларға қызықты болатын* |

| | |
|---|---|
| | *өмірмен байланысты тақырыптар ұсыну. Көркем шығармалар оқушының белсенді сөздік қорын байытуға, алған білімін күнделікті өмірде қолдана алуға, өз ойын ашық, еркін жеткізе білуге мүмкіндік беру.*<br>*- V-VI сынып білім алушыларының психологиясы, әдебиетті оқуға ынта жігеріне қарай эстетикалық талғамын жетілдіруде мұғалімнің еңбегін саралау.*<br>*- VII-VIII сыныптарда білім алушылардың әдеби шығармаға көзқарасын анықтау.*<br>*- IX-XI сыныптарда білім алушылардың дүниетанымы, көзқарасы, сенімі, нанымы жағынан да өсетінін ескеру. Олардың әдеби білім, эстетикаға, көркем өнерге ынтасын бағалау.* |
| **Бағалау критерийлері** | - Оқу бағдарламасында оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай оларға қызықты болатын өмірмен байланысты тақырыптар ұсынылады. Көркем шығармалар оқушының белсенді сөздік қорын байытуға, алған білімін күнделікті өмірде қолдана алуға, өз ойын ашық, еркін жеткізе білуге мүмкіндік беріледі. |



| | |
|---|---|
| | - V-VI сынып білім алушыларының психологиясы, әдебиетті оқуға ынта жігеріне қарай оқытылатын көркем әдеби шығармаларға талдау жасайды.<br>- VII-VIII сыныптарда білім алушылардың әдеби шығармаларға көзқарасын анықтайды.<br>- IX-XI сыныптарда білім алушылардың дүниетанымы, көзқарасы, сенімі, нанымы жағынан да өсетінін ескеріп, олардың әдеби білім, эстетикаға, көркем өнерге ынтасын бағалайды. |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | **Төменгі деңгей:** білу, түсіну<br>**Жоғары деңгей:** талдау, бағалау |
| **Құндылық-тарды дарыту** | Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы: XXI ғасырдағы мемлекеттік тілдің мақсаты, міндеті және тағдыры – Қазақстан халықтарының ортақ тілі болуы. Көркем шығарманы жас ерекшелігіне қарай оқыту жолында жас ұрпақты нағыз патриот болуға тәрбиелеу. |
| **Пәнаралық байланыс** | Педагогика, психология, әдебиет, әдебиеттану. |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Слайд, бейнематериал қолданылады. |

| | |
|---|---|
| **Алдыңғы білім** | Білім алушыларда жаңартылған білім беру туралы түсінік бар. |
| **Қолданылатын әдіс-тәсілдер** | Сын тұрғысынан ойлау, топтық жұмыс, көрнекілік, шығармашылық жұмыс, «Идеялар мен түсініктер себеті», «Сократ шеңбері», «Мадақтау сэндвичі» әдістері. |

| **Сабақтың жоспарлан-ған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Сара-лау** | **Баға-лау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br><br>**4 мин.** | **А). Мақсат қою және оқу-әрекетіне қызығушылықты ояту /мотивация/ Слайдта Ж.Аймауытовтың сөздері.**<br>**Жүсіпбек Аймауытов «Комплекспен оқыту жолдары», Қазақ баспасы, 1929 ж. 34-35 бет**<br>*«...Материал тізгенде, тұрмыс пен ғылым айқасып, астасып тізілсін. Жұмыстайтын материалдар даяр түрінде емес, балалар тәжірибе қылып, зерттеп, өз бетімен шешкендей, тұрмыс жұмбақ түрінде берілсін.*<br>*Жұмыстау негізінде баланың бұрынғы өз тәжірибесі перне қоры, мағлұматы салынсын; дәл айтқанда, балаға танымал жақын нәрседен басталсын.*<br>*Сабақ күн бұрын жасалған жоспармен жүргізілсін. Сабақтың ретіне қарай, әрине, іс жүзінде жоспардан тайып кетуге де болады. Әйтсе де жоспарсыз істелсе, тақырыптың ең керекті жері далада қалып, жүрдім-бардым кетіп, уақ-түйегіне көп алдануға мүмкін.* | | | Слайдта: 5, 6, 7 беттер |



| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *Жаттығу жұмыстары әр тақырыптың жоспарында толық көрсетілсін.*<br>*Балалар: Өзіне мақсұт қойсын, Жоспарды талқыға салсын. Нені істеуге болатынын шамаласын. Кім не істейтінін үлесіп алсын. Жұмысты бірігіп орындасын.*<br><br>*... Одан да зор шарт мұғалім басында. Мұғалім кез келген мәселеге бүгілмей суырып салғандай мағлұмытты, комплекс тақырыбын табиғат таңдауға үйлестіруге, байластыруға, икемді, тапқыш, көпті көрген көне, жырынды тәжірибелі ойдан шығарғыш, зерек, іс бастағыш көсем, түбірлегіш, талантты болу керек.*<br>*Бұл айтылғандар қай мұғалімге болсын керек сипат. «Бірден мұндай шарттар табылмайды, әуре болмайық», деп қорқу керек емес. Ізденсе, талаптанса, қолдан жасалмайтын шарт жоқ.*<br>Ж. Аймауытұлы «Комплекспен оқыту жолдары», Қазақ баспасы, 1929 ж. 34-35 бет | | | |
| **3 мин.**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**5 мин.** | **Студенттердің мотивациясын ояту мақсатында төмендегі сызба беріледі, сабақ мақсаты арқылы өз мақсаттарын айқындайды:**<br><br>**III. «Идеялар мен түсініктер себеті» әдісі.** | | | Интербелсенді тақта, слайд 7-бет |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ***Сұрақтар:***<br><br>*- Орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде қолданылатын құжаттар қандай?*<br><br>** ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру)*<br>** Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары (ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген*<br>** Оқу бағдарламасы (пән бойынша)*<br>** Оқу жоспары (пән бойынша)*<br>** Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық*<br>** Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық*<br>** Өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық*<br>** Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы (пән бойынша)*<br>** Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар (пән бойынша)* | Нәтиже немесе жауап бойынша саралау | Топтық бағалау | Интербелсенді тақта, себет суреті |



| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы**<br><br>**5 мин.**<br><br>**15 мин.** | **1-тапсырма: Р.Х.Ривз «Аңдар мектебі» ертегісі мәтінімен жұмыс. Мәтінді бірінші оқып беремін. Негізгі ойды анықтау.**<br><br>**Дескриптор: Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды.**<br><br>**2-тапсырма: «Топтастыру» стратегиясы** бойынша 4 топқа бөлемін. Берілген мәтінмен жұмыс жасатамын, тақырыптарды топ ішінде зерттейді, талқылайды, бір-бірлерімен пікір алмасады, ортақ бір шешімге келеді.<br><br>**Қойылатын талаптар:**<br>** проблемалық оқыту қағидаларын қолдану: шынайы жағдаяттарды (мәселелерді) шешу мүмкіндігі, топ болып ортақ проблеманы талқылау мүмкіндігі, шынайы өмірге қатысты шешім қабылдауды баламасы (байқап көру).*<br>** проблеманы шешудің логикалық бірізділігін құру, өз көзқарасын дәлелдеу;*<br>** командада жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру;*<br>** бір-бірімен қарым-қатынас жасау дағдысын дамыту;*<br>** пресс-конференция, таныстырылым жасау дағдысын ұштау;*<br>** сұрақ қою, талдау, жауабын дәлелдеу/негіздеу қабілетін дамыту.*<br>* **Дайындық:** дайын кейс іздеу немесе өзі кейс құрастыру, оны талдауға қажетті сұрақтарды қою | Ресурс бойынша саралау<br><br>Тапсырма бойынша саралау | Мұғалімнің бағалауы<br><br>Топтық бағалау | Компьютер, интербелсенді тақта, ватман, маркер. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | (оқу мақсатына сәйкестігін сақтау, оқушылардың мүмкіндіктерін, қызығушылығын, топтың ерекшелігін есепке алу керек);**Мұғалімнің сыныптағы қызметі:** кіріспе және қорытындылау сөздері, шағын топтағы талқылауды бақылау/қадағалау/басқару, оқушылардың таныстырылымын ұйымдастыру және бағалау (уақытты басқару-time management).<br><br>**БЕРІЛЕТІН МӘТІН:**<br>Балаларға көркем шығарманы оқыту, кітапқа деген құмарлығы, сөз өнеріне деген ынтасы мен құлшынысын дамыту мектептерде әдебиетті оқыту, білім берудің аса маңызды, әрі күрделі жұмыстарының бірі болып табылады. Бұл мәселелерде де оқушылардың психологиялық ерекшелігі, жасы, оқып жүрген сыныбы ескеріледі. Тиімділік идеялары, саралап даралап оқыту, оқушылардың бүкіл ой еңбегін, оқу еңбегін оған ерекше күш түсірмейтіндей, қонымды, қолайлы, нақтылы, белгілі бір уақыттарда нәтижелі, жемісті болатындай етіп ұйымдастыру, жүргізу туралы сөз етеді. Көптеген ғалымдар, психологтер, мұғалімдер зерттеулері, пікірлер бойынша, оқушыларды көркем шығарманы оқытуға баулу, оны оқырман<br><br>ретінде қалыптастыру бірнеше сатыдан тұрады.<br>***1.*** *Кіші жастағыларға 5-7 сыныптардағы 10-12-дегі жасөспірімдер.*<br>***2.*** *Ересек жастағыларға 8-9 сыныптардағы 13-14-дегі жасөспірімдер.*<br>***3.*** *Үлкен жастағыларға 9-11-сыныптардағы 15-17-дегі жастар жатқызылды. Балаларды топқа бөлу, әрине, қатып қалған дүние емес. Қабілеті, дарыны, ынтасы, еске ұстауы, алғырлығы, ойлылығы жағынан бір сыныптағы бір жастағы балалардың өзі әр түрлі болып келетіні тәжірибеден белгілі.*<br><br>**Дескриптор:** Әдіскер-ғалымдардың еңбектері арқылы талдау жұмыстарын жасайды, постер қорғайды. | | | |



| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың соңы**<br><br>**5 мин.**<br><br>**3 мин.** | **Бекіту. «Сократ шеңбері» әдісі**<br>**Екі шеңбер, бірінің ішінде бірі. «Ішкі шеңбердегі»** оқушылар тақырыпқа қатысты мәселені сұрақ-жауап арқылы талқылайды, ал **«сыртқы шеңбер»** оларды тыңдап, дәптерлеріне ескертпе жасап отырады және талқылау соңында өз пікірлерін айтады. Мұғалім оларды сырттан бақылап, бағыттаушы сұрақтар қою арқылы пікірталасты қажетті арнаға бұрып отырады. Шеңбердегі оқушылар белгілі бір уақыт өткен соң рөлдерімен алмасуына болады.<br>**Талданатын мәселе:** Әдеби шығармаларды оқытуда білім алушылардың жас ерекшелігін ескеру тақырыбында сұрақтар.<br>**Дескриптор:** Ойын арқылы білімдеріне шолу жасалады.<br>**Кері байланыс:** Топтарға стикерге кері байланыс жазып, постерге жабыстыру. | Оқыту ортасы бойынша саралау.<br><br>Нәтиже немесе жауап бойынша саралау | Сағат тілі тәсілімен бірін-бірі тексереді, бағалайды.<br><br>Мұғалімнің бағалауы | Құм сағат<br><br>Ватман, стикер |
| **2 мин.** | **10. Үйге тапсырма:** Топтық жұмыс. Мектеп оқулықтарының мазмұнына зерттеу жұмыстарын жүргізу. Әдеби шығармалардың оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай екенін дәлелдеу.<br>**- I топ: V-VI сынып;**<br>**- II топ: VII-VIII сынып;**<br>**- III топ: IX-XI сынып.** | | | Слайдта: Үйге тапсырма |
| **3 мин.** | **11. Оқу іс-әрекет рефлексиясы «Мадақтау сэндвичі» (Feedback Sandwich)**<br>***1-бөлім:*** *Жағымды пікір, не ұнады?*<br>***2-бөлім.*** *Сындарлы пікір, нені жақсарту керек.*<br>***3-бөлім.*** *Келешекке арналған ұсыныс: маған ұнады, бірақ келесі жолы...*<br><br>**Дескриптор:** Сабақтың мақсатын нақтылау барысында студенттер өз білімдерін талдайды. | | | |



**А. НҰРЛЫБАЙҚЫЗЫ,**
**№28 орта мектептің**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пән мұғалімі.**
Маңғыстау облысы,
Ақтау қаласы

# АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Еліміз егемендік алып, қазақ тілінің мәртебесі өскен қазіргі таңда *«Дәрігер – адам жанын сауықтырады, мұғалім – адам ақылын, мінезін сауықтырады»* – деп, аса көрнекті қазақ жазушысы Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, Абай шығармаларын оқыту – жас ұрпақты тәрбиелеуде таптырмайтын тәсіл болып табылады.

Абай – ұлттық мәдениетіміз бен тарихымыздағы ерекше тұлға. Біртуар қайталанбас тұлғаның азаматтық, ақындық, халықтық мұрасы – айтылар ойға сыймас, қыр-сыры мол дүние. Осындай ұлтымыздың мақтанышы бола білген қазақ әдебиетінің классигі Абай шығармаларын мектепте оқытуды міндеттеу – еліміздің ертеңіне, әр балаға бағдаршам болары ақиқат. Ақын мұрасына, оның



тақырыбы мен көркемдік өрнектеріне, әлеуметтік мәселелеріне талдау жасаумен ғана шектелмей, суреткердің дүние, өмір, қоғам туралы көзқарасын, яғни, дүниетанымын көрсететін ойларына да кең сипаттама берілуі керек-ақ!

Ұрпақтарымыздың ана тілін, халық өнерін, салт-дәстүрін сүюі үшін оқу-тәрбие бастауын халықтық педагогика мен Абай шығармаларынан алып, адамгершілігі мол, білімді, иманды, еліміздің ертеңін ойлайтын азамат дайындау – кез келген мұғалімнің міндеті деп ойлаймын.

Абайдың ізгілік пен адалдыққа, жастарды білімге шақыруға, шыншыл, талапты болуға, достыққа, ұлтжандылыққа үндеген өшпес мұрасы, ***өлмес шығармаларымен шәкірт санасын сауықтыру үшін мұғалімнің өзі де Абайша сезініп, Абайша тебіренуі тиіс.***

Абай – көреген, данышпан ақын. М.Әуезов ақын шығармаларының қалыптасуына, дамуына үш мәдениеттің елеулі әсер еткендігін айтады. ***Мұның біріншісі*** *– қазақ халқының есте жоқ ерте заманнан жинап келген ұлттық даналығы - халықтың ауызша сыр сандығы болса,* ***екіншісі*** *– араб, парсы, түрік тіліндегі шығыстың рухани қазынасы,* ***ал үшіншісі*** *– орыс халқының мәдениеті және Еуропа мәдениеті.*

*«Абайдың ақындық біліміндегі ең бір ірі жағы – осы айтқан үш қазынаның қайсысына барса да құр*

*ғана үйренуші, еліктеуші боп барған жоқ»,* – деп жазады М.Әуезов.

Қайдан алсын, нені алсын – баршасында өзінің үлкен ойлы, терең толғаулы ірі ақындық ерекшелігі арқылы үнемі ой елегінен өткізіп, өз өнерімен мықтап қорытып, өзінің қайран жүрегінен шыққан бұйым табысы етіп ала білді. Дүниені, алға қойған мақсатты, сол жолдағы тартыс бағытты басты тақырып етіп алған шығармашылығында ақындық шабыты өте терең, шындықпен қабысып отырады. Сол себепті зат әлемін, адам құбылысын, қарым-қатынасын жырлағанда, аспан, тағдыр әлемі деп толғамай, үнемі жер басқан адамның күнделігі, тарихтың шындық болмысы етіп толғап тебіренді.

Абай білімі терең болғандықтан, болашақ туралы толғаған ойлары да – терең. Абай дүниенің болмысын, анық болған және бола беретіндігін, табиғаттың өмір заңдылықтарын түсінген. Ол табиғат құбылыстарының сырын, дүниенің бір қалыпты тұрмайтындығын, жаратылыстың бар нәрселері бір түрден екінші түрге ауысып, өзгеріп жататындығын, мұның өзі даму заңдылықтары екендігін таныған. Ол туралы өзінің жиырмасыншы қара сөзінде: *«Дүние бір қалыпта тұрмайды, адамның қуаты, ғұмыры бір қалыпты тұрмайды. Әрбір мақұлыққа Құдай Тағала бір қалыпты тұрмақты берген жоқ»* – дейді.

Абай сонымен қатар, өзі өмір сүрген



ортаның, қоғамның қайшылықтарын, әлеуметтік теңсіздіктердің қазақ елінің экономикалық және мәдени жағынан артта қалушылығының да себептерін көре білген. Ол жөнінде өзінің отыз сегізінші қара сөзінде: *«Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәрте, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айына бір, өзіңнен – өзің есеп ал! Өмірді қалай өткіздің, не білімге, не дүниеге жарамды қылық өткізіппісің? Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек. Әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық деп білесің. Надандық, білімсіздік – хайуандық болады. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Залымдық – адам баласының дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық – бәрі осылардан шығады»,* – деп, жастарды жігерлендіреді және адамның өзін-өзі билей алмауынан, ерік-жігерінің, қайратының жетпеуінен жөнсіз әрекеттер жасайтынын сынайды.

*«Сабырсыз, арсыз, еріншек*
*Көрсе қызар жалмауыз.*
*Сорлы қазақ сол үшін*
*Алты бақан ала ауыз,*
*Өзін-өзі күндемей.*
*Жақыннан жолға міндейді,*
*Ол – арсыздың белгісі»,*

– деп, жалқаулық, қулық, шаруаға құнтсыздық

адамдардың акылсыздығынан, білімсіздігінен екенін шенеп, көпшілік алдында сынайды.

Бақытқа жеткізетін жалғыз жол – өнер мен білімді жоғары бағалау. Қазақтан шыққан қарапайым талант халықты өнер-білімге шақырып, «Мыңмен жалғыз алысып», надандықпен күресті. Шығармаларының басты бөлігін білімге арнаған. Дер шағында оқи алмай, білімнің аздығы өкіндіртетінін:

*«Жасымда ғылым бар деп ескермедім,*
*Пайдасын көре – тұра тексермедім.*
*Ержеткен соң түспеді уысыма,*
*Қолымды мезгілінен кеш сермедім»,*

- деп жырласа,

« *– Адамның бір қызығы бала деген*
*Баланы оқытуды жек көрмедім,-»*

деп, өз өкінішін білдірсе,

*«Баламды медресеге біл деп бердім,*
*қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім»,*

– деген жолдар – жалғыз Әбдірахманға емес, білім жолына түскен барша қазақ жастары үшін күні бүгінге дейін тәрбиелік маңызын жоймаған әке сөзі, әке үміті. Поэзия пайғамбары Абай атамыздың кейінгі ұрпаққа қалдырған сегіз мың өлең жолы мен қырық бес қара сөзін, әндері мен күйлерінің мәнін оқушы жүрегіне жеткізу, поэзия әлеміне ендіру – әр пән мұғалінің қасиетті мұраты. Мұндағы менің



айтпақ ойым – Абай шығармаларын шәкірттеріме оқыта отырып:

*«Асыл сөзді іздесең,*
*Абайды оқы, ерінбе!*
*Адалдықты көздесең,*
*Жаттап тоқы көңілге,»* – деп,

Сұлтанмахмұт Торайғыров айтқандай, келешек ұрпаққа Абай шығармаларын оқытуда берілетін өнегелі тәрбие ұшан-теңіз екенін ескерткім келеді.

*«Адамның ең жаманы – талапыздық!»* – деп ақын айтқандай, соңғы кездері не ғылымға, не еңбекке, не өнерге талаптана алмайтын өмірге икемсіз жандар кездесіп жатады. Сондықтан, әр мұғалім алдындағы болашақтың азаматын өмірге қанаттандыра, болашаққа талаптандыра тәрбиелей алса, міне, нағыз ұстаз шеберлігі деп айтар едім.

*«Қайран тіл, қайран сөз*
*Наданға қадірсіз»* – деп

жырлаған Абай – туған халқының, болашақ ұрпақтың өнегелі тәрбиешісі, асқар тау, ағар бұлағы, қасиетті ана тілінің бастауы, қамқор бабасы.

Абай армандаған, өсер ұрпақ бойынан көргісі келген тамаша қасиеттерді шәкірт жүрегіне ұялата алса, әр ұстаз еңбегінің жалғасы да сол емес пе?! Заман талабына сай саналы ұрпақты сапалы біліммен қаруландыруда қажымайтын, талабы таудай білікті мұғалімдердің білімді шәкірттері молая берсін!

**М. МАЛИКОВА,**
**Абай ат. ҚазҰПУ**
**Филология және көптілді**
**білім беру институтының**
**6М020500 – «Филология»**
**мамандығының**
**2-курс магистранты.**

**Н.Ә. ИЛЬЯСОВА,**
**ф.ғ.д, доцент,**
**ғылыми жетекшісі.**
Алматы қаласы

# СӨЙЛЕУ АКТІЛЕРІ: ЛОКУТИВТІК, ИЛЛОКУТИВТІК ЖӘНЕ ПЕРЛОКУТИВТІК ДЕҢГЕЙЛЕРІ

Сөйлеу актілерінің теориясы ғылыми ортада XX ғ. 50-60 жж. Оксфорд университетінің өкілдері Дж. Остиннің, Дж. Серльдің, П.Ф. Строеонның еңбектері арқылы таныс. Аталған зерттеушілер адамның кәдімгі қарапайым тілін табиғи, қарапайым ортада қолданысқа түсуіне қарай зерттеуді көздеген. Оксфордшылардың концепцияларының философиялық негізі Людвиг Витгенштейн идеяларында жатыр. Оның идеялары бойынша, сөз – адам әрекетінің компоненті болып табылады, ал тіл болса – сол әрекетті жүзеге асырушы құрал болып есептеледі. Адам әрекетінің жүйесін құрайтын тілдік және тілдік емес жағдаяттарды да есепке алу керек. Прагмалингвистер Л. Винтгенштейн идеяларын басшылыққа ала отырып, сөз мағыналары туралы



былайша тұжырымдайды: *«Сөздің мағынасының өзі оның тілдегі қолданысы» [1, 87 б.],* яғни сөздің мағынасы қолданысы кезінде анықталады, ал сөздің мәні айтылым семантикасынан шығады. Айтылымның қарым-қатынас амалы ретінде ең негізгі сипаты оның коммуникативтік мақсатқа жетуі болып табылады.

Ал тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде сөйлеу актісі (лат. actus) орыс. акт речи – белгілі қоғамдық ортада қалыптасқан сөйлеу принциптері мен ережелеріне сай, арнайы мақсатта жүзеге асырылатын сөйлеу әрекеті. Сөйлеу актісінің негізгі белгілері: белгілі бір мақсат көзделгендігі; қалыптасқан дәстүрге сай шарттылық сипат болатындығы [2, 308 б.]. Яғни сөйлеу әрекеті адамның көздеген мақсаты мен сол коммуникативтік жағдаят кезінде болатын әртүрлі экстралингвистикалық шарттар болуымен анықталып тұр. Бұдан сөйлеу актісіне өзіндік прагматика мен сөйлеу жағдаяты тән деп тұжырымдай аламыз.

Адам қатысуы арқылы жүзеге асатын, белгілі бір әлеуметтік және тұлғааралық жағдаятта белгілі бір мақсатты көздеген қарым-қатынас әрекеті прагмалингвистиканың алғашқы деңгейі болып табылады. Коммуникативтік әрекеттің бірлігі сөйлеу актісі болып табылады. Сөйлеу актісі – белгілі бір коммуникативтік-интенциялық және иллокутивтік функцияны көрсететін минимальды

акт ретінде анықталатын және ақпартты бір бағытта тасымалдайтын қарым-қатынастың қарапайым бірлігі. Сөйлеу актілерінің теориясы лингвистердің назарында, өйткені коммуникативтік әрекетті функционалдық тұрғыдан және қарым-қатынас құрылымындағы иллокутивтік функцияны қарастыруға мүмкіндік береді.

***Иллокутивтік функция*** *– сөйлеушінің адресатқа ықпал ету және адресат әлеміне – оның әрекетіне, ойына, сезіміне әсер етумен түсіндірілетін сөйлеушінің коммуникативтік ой-ниеті.*

Адам сөйлеу арқылы тыңдаушының болашақ әрекетіне әсер ету мақсатында иллокутивтік актіні жүзеге асырады. Сонымен қатар адам айтылымы сол коммуникативтік актіге белгілі бір дәрежеде әсер қалдырса, «сол мәнмәтінге релевантты» болуын көздейді [3, 312 б.]. Сөйлеу әрекетінің негізгі ережелерінің бірі бойынша ең алдымен келесі ақпаратты дұрыс интерпретациялауға мүмкіндік беретін ақпарат хабарланады. *«Тұжырымның біріздiлігін беру кезінде ақпаратты ескі* ***(пресуппозиция)*** *және жаңа* ***(интродукт)*** *ақпарат ретінде бөлу есепке алынуы керек. Сөйлеушінің жалпы семантикалық базасының болмауы тұжырымды айту актісінің сәтті өтуіне кедергі келтіреді»* [3, 312-313 бб.]. Коммуникативтік әрекетте уәждік факторлар ерекше рөл атқарады. Сөйлеу әрекетінің



негізінде сөйлеу интенциясы немесе сөйлеушінің коммуникативтік діттемі (намерение) жатыр. Бір жағынан, сөйлеу интенциясы – белгілі бір психикалық жағдай: сөйлеу актісінің мақсаты мен уәжі. Уәжді сөйлеу актісінің негізгі себебі және әрекетке итермелейтін күш ретінде қабылдаса болады. Мақсат белгілі бір нәтижеге жету жолы болып табылады.

Осы жөнінде Л.М. Шайкенованың мына пікірі аса қызығушылық туғызады: *«сөйлеу актілерінің теориясы коммуникативтік жағдаяттың ерекше моделін ұсынады. Ол келесідей компоненттерден тұрады: айтушы, тыңдаушы, айтылым, жағдаят, сөйлеу актісінің мақсаты мен нәтижесі. Соңғы екеуі аса маңыздылығымен ерекшеленеді. Сөйлеу актісін осы екі компоненттер тұрғысынан қарастыру адамдар арасындағы әлеуметтік қарым-қатынас барысында пайда болатын түрлі мақсаттарға жету кезінде тілді қолданудың механизмі қандай деген сұраққа жауап беруге мүмкіндік береді» [4, 15б.].*

Прагмалингвистердің пайымдауы бойынша, сөйлеу актісі сөздің құрамына кіретін нәтиже мен әрекет ретінде түсіндіріледі: сөйлеуші сөйлеу актісін жүзеге асыра отырып айтылымды дыбыстау ***(локуция)*** арқылы коммуникативтік мақсат пен интенцияны ***(иллокуцияны)*** тыңдаушының санасы мен әрекетіне әсер ету арқылы эффектіге ***(перлокуцияға)*** қол жеткізуге және жүзеге

асыруға тырысады. Сонымен, ішкі құрылым компоненттеріне үш деңгей жатады: локутивтік, иллокутивтік және перлокутивтік.

Кейбір зерттеушілердің пайымдауы бойынша, сөйлеу актісінің құрылымында төрт бірдей деңгей анықталады: ***локуция, пропозиция, иллокуция және перлокуция. Локуция деп*** *– айтылымның жалпы тілдік кодқа таныс түрде дыбысталуын, грамматикалық тұрғыдан сөздердің дұрыс ұйымдасуын айтамыз.* Семантикалық және синтактикалық параметрлермен сипатталатын тілдік бірліктер айтылымның локутивтік деңгейіне жатады. Ол сөйлеу актісінің сыртқы келбетін құрайды. Сөйлеу әрекетінің мазмұндық жағы иллокутивтік функция сияқты (уәж, мақсат, пресуппозиция, адресатқа әсер ету стратегиясы мен тактикасы, қарым-қатынасқа қатысушылардың тұлғалық және әлеуметтік сипаттамалары, қатысушылардың эмоционалды жағдайы мен коммуникацияның перлокутивті тиімділігі) пропозициялық мағына мен прагматикалық компоненттен тұрады. Сөйлеуші сөйлеу актісін іске асыра отырып, екі бірдей іс-әрекет атқарады: айтылымды дыбыстайды, яғни локутивті акт пен сол айтылымға қатысты өтініш, сұрақ қою немесе уәде беру түріндегі иллокутивтік актіні іске асырады.

***Локутивтік акт төмендегі компонент құрылымдарының сипатынан тұрады:***



***1).*** *дыбыстарды дыбыстау (фонация актісі);*

***2).*** *сөздерді қолдану;*

***3).*** *сөздерді грамматикалық тұрғыдан дұрыс байланыстыру;*

***4).*** *нысандарды анықтау (предикация актісі).* Егер кез келген айтылым дыбысталса, ***локуция жүзеге асырылды деп түсіну керек.***

*Адам сөйлеу үдерісі кезінде белгілі бір мақсаттағы іс-әрекет атқарады, ал ол айтылымның* ***иллокутивтік қызметін көрсетеді. Иллокуция дегеніміз*** *– мақсатталған дittемді адресат қабылдайтындай деңгейде жеткізе білу болып саналады, өйтпеген жағдайда айтылымның перлокутивтік тиімділігі жүзеге аспайды: «Иллокутивтік акт белгілі бір нәтижеге әкелмесе ол сәтті жүзеге асты деп айта алмаймыз» [5, 96 б.].*

Адам сөйлеу кезінде өзінің мақсатына жету үшін өзінің тыңдаушысына белгілі бір деңгейде әсер етеді. Сөйлеу актісі – өзінің нәтижелерін көрсететін перлокутивтік акт. *Перлокутивтік акт тыңдаушыға әсер етуді (адресаттың ішкі әлемінде өзгерістер өтуін) мақсат етеді.* Егер адресат сөйлеушінің діттемін түсінбеген не оны назарға алмаған жағдайда акт жүзеге аспады деп айта аламыз. Сөйлеу актісінің нәтижесі, адресаттың реакциясы коммуникацияның перлокутивтік аспектісін көрсетеді.

*Үшінші деңгейде сөйлеу актісі нәтижеге қатысына байланысты (тыңдаушыға әсер етуіне байланысты)* ***перлокутивтік акт деп аталады.*** Қарым-қатынас жағдаятында сөйлеу актісінен туындайтын өзгерістер, ***ең біріншіден*** адресаттың ойында, әрекетінде, сезімінде болатын өзгерістер сөйлеу актісінің перлокутивтік тиімділігідеп аталады. М.М. Бахтин «перлокутивтік тиімділік» терминін келесідей тұрғыда анықтайды: *«тыңдалатын сөз мағынасын пассивті түрде түсіну – бұл жай ғана толыққанды шынайы түсінудің абстрактілі кезеңі. Ол өз кезегінде сәйкесінше жауап түрінде жүзеге асады. Әрине, айтылымға үнемі белсенді түрде жауап қайтару болмайтын кездер де болады: естігенді (мысалы бұйрықты) белсенді түрде жауап түрінде түсіну әрекетте (мысалы, бұйрықты орындауда) көрініс табады немесе белгілі бір уақытқа дейін үнсіздік түріндегі жауап болуы мүмкін (кейбір сөз жанрлары осындай түсіну түріне есептелген, мысалға лирикалық жанрлар), әрине бұл жауап түрі ақырын әсер ету әрекетіне жатады: соңында естілгені және түсінілгені естіген адамның кейінгі сөзінен немесе әрекетінен байқалады» [6, 260 б.].*

Айтылымның иллокутивтік күші сөйлеушінің коммуникативтік діттемін көрсететін сипаттамалар кешенінен тұрады.

***Иллокутивтік күштің компоненттеріне:***

***1).*** *айтылымның иллокутивтік мақсаты;*

***2).*** *иллокутивтік мақсаттың энергиялық қасиеті;*

***3).*** *иллокутивтік мақсатқа жету амалы;*

***4).*** *пропозициялық мазмұн;*

***5).*** *дайындық жағдаяттары;*

***6).*** *шынайылық жағдаяты;*

*7****).*** *шынайлықты көрсету дәрежесі жатады [7, 252 б.].*

Иллокутивтік логиканың негізгі қағидасы бойынша бір иллокутивтік күш келесі бір иллокутивтік күштен пайда болады және ол бұрыннан бар күшке қосымша әрекеттердің – қосу, шектеу, жеке компоненттердің энергиялық қасиетін көтеру немесе төмендету сияқты әрекеттердің нәтижесінде пайда болады. Арнайы сипаттамасы жоқ компоненттерден тұратын иллокутивтік күш базалық деп аталады, ал басқалары болса содан тарайды және ерекше бейнеленеді.

Айтылымның иллокутивтік күші айтылым барысында қолданылатын перфомативті етістікті сөйлемдердің қолдануында жатқанын зерттеуші Дж.Л. Остин айтып кеткен еді. Сөйлеу актісінің теориясының негізін салған ғалым иллокутивтік актіге белгілі бір тиянақты анықтама бермейді. Оны әр елдің, халықтың, әр мәдениеттің өзіндік сөйлеу әрекетінің номенклатурасы болуымен түсіндіреді.

Бір иллокутивтік актінің екінші бір иллокутивтік актіден ***басты айырмашылығы*** – сөйлеуші тарапынан айтылған айтылымның діттемі.

Сондықтан да иллокутивтік күштің негізгі компоненті болып табылатын ***иллокутивтік мақсат*** – айтылымда хабарланатын хабарға (адресатқа әсер ету сипаты жайында хабарлайды, ал ол әсер, әрине, сөйлеуші тарапынан болады) адресаттың жауап қайтаруының белгілі бір реакциясының бейнесі. Жалпылық сипатта болатын иллокутивтік мақсат сөйлем құрылымында (хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерде) көрініс табады. Алайда кейбір кездерде айтылымның мақсатын түсіну тек мәнмәтін тұрғысынан ғана мүмкін болады.

Зерттеуші Дж.Р. Серльдің иллокутивтің мақсат туралы ойлары айтылым мағынасының интенциялық аспектісіне жүгінеді.

Жалпы алғанда, лингвистикада интенция ұғымы даулы мәселе болып табылады. Интенция ұғымына берілген анықтамалар оны әртүрлі қырынан сипаттайды: бұл белгілі бір субъективтік мағынаны тасымалдау; актуалды немесе айтылған мазмұнға қарама-қарсы қойылатын айтылымның әлеуеті немесе виртуалды мазмұны; айтылым мақсатына теңдестіру. Сөйлеу актілерінің теориясын құрастырушылар иллокутивтік функцияны сипаттауда дәлдікке жету мақсатында бұл терминді философия ғылымынан кіргізген.

Интенция сөйлеу актілерінің теориясы тұрғысынан сөйлеушінің коммуникативтік діттемі ретінде қарастырылады. Ол өз кезегінде сананың



түрлі интенциялық жағдаятын көрсетеді. Интенция сөйлеу әрекетінің талабы болып табылады, сондықтан да ол сөйлеу әрекеті кезінде кез келген кезеңде көрініс тауып отырады.

Айтылым сөйлеу актісінің өнімі де, мақсатқа жету құралы да болып табылады. Айтылым құрамына пайданылатын тілдік амалдармен қатар мәнмәтін те кіреді. Айтылайын деген ой немесе фраза белгілі бір жағдаятта, белгілі бір шарттылықта өзінің діттеген мақсатына толықтай жете алады және ойлаған әрекет тиімді түрде іске асады. Сөйлеу актісінің тиімділігі белгілі бір әлеуметтік жағдаяттан да, тұлғалық факторлардан да құралады.

Сонымен, қандай сөйлеу актісі болмасын адресат коммуникация барысында маңызды рөл атқарады. Сөйлеушінің айтайын деген ойы, ниеті, оның діттемі адресат тарапынан интерпретацияланады және сәйкесінше коммуникативтік сапа орнап, мақсатталған нәтижеге қол жеткізеді. Алайда адресант факторын назардан тыс қалдырмау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Витгенштейн Л. Логико-философский трактат. – М.: Прогресс, 1985. – 159с.
2. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь, 2005. – 440 б.
3. Дейк Ван. Т.А. Вопросы прагматики текста

// Новое в зарубежной лингвистике. – Вып. 8. – М.: Прогресс, 1978. – С.259-336.

4. Шайкенова Л.М. Функционально-семантическое описание ментальных перфомативов: дисс. ... канд.фил.наук. – Алматы, 1999. – 130б.

5. Остин Дж. Слово как действие // Новое в зарубежной лингвистике. – М.: Прогресс, 1986. – Вып. 17. – С.22-129.

6. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – М.: Искусство,1979. – 423 с.

7. Серль Дж.Р., Вандервекен Д. Основные понятия исчиления речевых актов //Новое в зарубежной лингвистике. – М.: Прогресс, 1986. – Вып. 18. – С. 242-263.



**Ә. ӘСІЛБАЙ,**
**Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің 2-курс магистранты.**
Алматы қаласы

# АСҚАР АЛТАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІГІ

Әдебиеттің құндылығы – оның көркемділігінде. Әдебиеттегі өмір – қаламгердің ой-қиялына салынып, ой сүзгісінен екшеліп шыққан көркемдік әлемі. Осы көркемдік әлемнің өзіне тән «тұрғындары», яғни көркем бейнелері, кейіпкерлер әлемі болады. Адамның ішкі ой мен сезім қайшылықтарынан туындайтын сыртқы құбылыстарға ерекше ден қойып, адамтанудағы өзіне ғана тән тосын зерттеулерін жүргізген жазушы өз шығармаларында алуан түрлі көркемдік эксперименттерге барады. Осы әдіс-тәсілдер арқылы ол қайталанбас кейіпкерлер әлемін жасайды, кейіпкерлері арқылы шығарма идеясын да нақты жеткізеді, шығармасын көркемдей түседі.

Ал көркем шығарма дәлдігі – адамның ішкі әлемін, құпия-қалтарыстарын нақты бейнелеуінде. Жазушы кейіпкерінің ішкі әлемін, рухани өмірін, кейіпкерінің әрбір іс-әрекетінің себеп-салдарын көркемдік тұрғыда зерделей зерттеп, жан-жақты талдап жазғанда ғана психологиялық шығарма талабына сәйкеседі. Ұлы суреткер М. Әуезов айтқандай, нағыз көркем прозаға *«…психология араласпаса, өзгенің бәрі сылдыр су, жабайының тақ-тақ жолы»* екендігі күмәнсіз. Сондықтан да әр жазушы көркем шығарма жазуда

кейіпкерлерін ерекше сомдап, ішкі жан дүниесіне үңіліп, күрделі тұлғамен жұмыс істеуге тырысады.

Белгілі бір шығарманың жазылу тарихын зерттеу, бір жазушының шығармашылық зертханасын жалпылай алып зерттеу, жалпы көркем шығармашылық психологиясын зерттеу секілді үш бұтақ бір-бірімен өзара тығыз байланысты.

Жазушы Асқар Алтайдың ***«Казино» атты кітабында*** қоғамда болып жатқан проблемалық мәселелер, адамның жеке басының мүддесі мен ішкі рухани әлемі туралы айтылыпты.

Адамның ішкі жан-дүниесі – басты мәселе. Мынау үлкен әлемде адам – оның бір ғана кішкентай бөлшегі. Сол бөлшек осы алып әлемді қалай қабылдайды, қабылдай ала ма? Кей тұста қабылдайды, кей тұста қабылдай алмайды. Соны көркем дүниеде көрсетуге тырысқан.

2000 жылдары казино ойыны шыға бастағанда, жазушы өзі де ойнап көрген. Бұл, шын мәнінде, адамға қауіпті ойын. Казиноның негізгі мақсаты – адамның психологиясына ерекше әсер етеді. Ол анаша секілді.

Асқар Алтай шығармаларын белгілі қаламгер Қалихан Ысқақ жоғары бағалады.

А.Алтай көбінесе шығармаларын үлкен философиялық проблемадан бастап, пендешілікпен аяқтайды. Сонда пендешіліктің қайдан басталып, неден туатынын, пендешіліктің адамды неге сүйрейтінін дәлелдеп шығады. Жай ғана портрет емес, психологиялық портрет жасайды. Оның дүниелері қоғамдағы әлеуметтік проблеманы қозғайды.

Таудың етегінде туған адам табиғатынан биікке, тауға құмартады. Сарыарқада туған адам мен Алтай тауларының немесе Тарбағатай тауларының бөктерінде туған адамның көзқарасында, жалпы өмірлік көзқарасында айырмашылық болады. Содан ол адамның психикасына әсер етеді. Психикаға әсер еткенде, адам кейін азамат болып жетілгенде, адамның психологиясында өзгешеліктер болады.

***«Альпинист» әңгімесі*** жазушының балалық шағында көрген Құзғынды биігінен барысты атып алған нағашысының әңгімесінен туған.

***«Алтайдың алқызыл модағайы» романында*** аңшы жігіттің, аттың сауырына барыстың терісін жауып жүретіні туралы жазылған. Бұл шығарма Асқар Алтайдың түп нағашысы – Зәйтүн атты аңшының Құзғындыдан барысты атып алғаны. Сол барысқа қатты қызыққан бала Асқар атасына Құзғынды биігіне апаруын өтінеді. Зәйтүн атасы, Құмаш інісімен Құзғындының ортан беліне дейін шығып, альпинисттерше күй кешкендері ғұмыр бойы жазушы санасына ереше әсерін қалдырған. Осыдан келіп, альпинистердің тағдырын суреттейтін ***«Альпинист» әңгімесі*** жазылған. Тау шыңына шығуды өзінің рухы, жан рахаты көретін әңгіменің кейіпкері Тайшын қалаға сыймай, әрдайым тауға қарай аңсары ауып тұрады. Қаладағы бейберекетсіз тіршіліктен жалығады. Автор кейіпкердің ішкі жай-күйін терең түсінеді. Оның қаумалаған адамдардың ішінде жалғыз сезінуін жеткізеді.

*“Екеу елеусіз ғана иек қағысады. Иек астынан ащы тер тамшылайды. Бірін-бірі көздерімен ұғысады”. «Нағыз адамдық асыл қасиет тау басында ғана*

*оянады...»* [5.197б] – деген ой келеді Тайшынға. Таудағы достық – бәрінен биік. Таудай биік, таудай қатал, таудай төзімді. Таудан төмен түскен жерде пендешілік бой көтереді. Төменде «достық» дегеннің өзі «қастық» дегенмен қатар жүреді. Ойда достыққа да, қастыққа да орын бар. Тауда орын жоқ. Тау – тарпаң.

Тайшынға бұл таңсық ой емес. Құз қиясында қырандай қанаттасып қатар жүрген, бар қиындықты қара нардай бірге бөліскен альпинисттер етекке түскенде бұзаубас кесірткедей құбылып сала береді.

Альпинистер – өз бетінше қызық халық. Мысалы, таудың басына шыққан бес альпинист, сол шында бір адамға айналады. Өйткені, бес альпинисттің тағдыры бір жіпке, бір байлауға байланып тұрады. Ал енді, етекке түскеннен кейін әркім өз жеріне, өз ауылына кеткенде, бір-бірін танымай кетеді екен. Адам баласының рухының бірігуі, рухтың шарықтау шегі тек тау басында болады. Ондай күйді ешқашан жазықта, суда кеше алмайсың. Дәл сол күйді тек бір-ақ адамдар кешеді. Ол – альпинистер. Әңгіменің идеясы шытырман ой қорытуға алып келетіні анық. Тақырыптан идея, сондай-ақ идеядан тақырып туып жатады. Идеясыз тақырып, тақырыпсыз идея болуы мүмкін емес.

Қазіргі тәуелсіз қазақ әдебиетінде Асқар Алтай – өз бағытын айқындап, стилін танытқан жазушы. Оның шығармаларынан кезінде З.Қабдолов жазушыдан талап ететін сегіз қасиетті толық көруге болады. Оның ***«Қара бура» повесі, «Қараштың қарасы» әңгімесі*** қазақ басынан өткерген небір тарихи оқиғалардан сыр шертеді. Асқар Алтай шығармаларындағы бір ерекшелік – шығарма ішіне тағы бір шығармаға сюжет



боларлық бір оқиғаны сыйғызып жіберуі. Мұндай тәсіл көбіне О.Бөкей шығармаларына тән болатын. «Қара бурадағы» ботасын іздеген ақ түйе туралы аңыз, «Қараштың қарасындағы» Қараш батыр туралы әңгіме мен «Ереуілтөбе» жайындағы тарихи оқиғалар шығарма құрылысына нұқсан келтірмей, негізгі оқиғамен жымын білдірмей кірігіп кеткен. Асқар Алтай көбіне қазақ елінің өткенін безбендеп, елдігін танытатындай тақырыпта жазады. Оның ***«Көзжендет» әңгімесінің*** өзі жазушылық шеберлік туралы көп мәлімет береді. Біреуге істеген қастандығың, тіпті аңға жасаған қатыгездігің өз алдыңнан шығады деген философиялық түйін жасайды. Талай аң-жануарды көзсіз қалдырған «көзжендет» сауысқанның иесінің немересі көзсіз туады. Әңгіме соңы адамға ой салады.

Ал, бүгінгі көзқарақты оқырман А.Алтайдың әр шығармасын асыға күтеді. Солай болуы заңды да! Өйткені, Асқар Алтай – қазақтың шұрайлы тіліне жөргегінен жарыған жазушы. Алтайдың әйгілі Марқакөл өңірінде бес мыңнан, жеті мыңға дейін алалы жылқы біткен Шонжырбай бай – жазушының арғы атасы. Одан – Жылқышы, Жылқышыдан – Алпысбай, Алпысбайдан – Құмар. Алпысбай – атақты Шәкәрімнің ұлы Зиятпен дос болған, Шығыс Түркістан Республикасы басшыларының бірі Сәліспен Семейде бірге оқыған. Арғы бетте генерал Мажунин дүңген көтерілісіне басшылық еткенде, оған қазақтар да қатысқан. Алпысбай ел басына күн туғанда, әкесі Жылқышыдан қалған бес жүзден астам қылқұйрықтан көтеріліске қатысқан қазақ жігіттеріне қосарлап ат та мінгізген.

Ал Құмар Мәскеу төңірегіндегі атақты Диверсиялық барлау мектебінің Шығыс барлау бөлімін (1936-1942 ж.) бітірген. Сонда жүріп советтің барлаушылық қатал тәжірибесінен өтіп, қытай, моңғол, тибет, ұйғыр, орыс тілдерінде еркін сөйлеп, еркін жазған. 1942 жылы генерал Дәлелхан Сүгірбаевтың кеңесшісі болып, Совет одағынан Зайсан шекарасы арқылы Шығыс Түркістанға енгізілген. Ол тәуелсіз Шығыс Түркістан Республикасын құрысып, Алтай аймақтық Сақшы бастығы қызметіне тағайындалады. 1951 жылы Оспан батыр ұсталғаннан кейін Құмарды қызметінен алып, Кеңес Одағының ұйғаруымен Пекин Заң университетіне білімін көтеруге жібереді. Ол – сол кездегі қазақтар арасында жоғары білімді заңгер азаматтардың санаулыларының бірі еді.

Асқардың балалық шағы өте бай һәм құнарлы болды деуге толық негіз бар. Алты-жеті жасына дейін көп адамды көрген жоқ, қалың жылқы мен малды көрді. Құдды суретпен сызып қойғандай, қыл қаламның да құдіреті жетпейтін сұлу Алтайдай табиғаттың ортасында өсті. Өз көзімен көрген жабайы аң-құс, жан-жануарлар бала Асқарды рухани түлетті. Бала кезінен бөрі мен бөлтірік аулауға, бұғы мен аю атуға аңшы Қаукай, Буратай, Нұрғали қариялармен, әкесі Құмармен бірге барып жүрді. Сондықтан да оның шығармаларында аңшылық туралы оқиғалар жиі ұшырасады. Шынайылығымен, тылсымдығымен оқырманын тамсандырады.

Қаламгердің бірқатар әңгімелері оқырманды мынау әлеуметтік ортадан алыстатып көркемдік әлемге жетелейді.





**С. Қ. САПАРҒАЛИЕВА,**
**Абай атындағы ҚазҰПУ-нің**
**6М020500 –**
**Филология факультетінің**
**2 курс магистранты.**
Алматы қаласы

# БАҚЫТ БЕДЕЛХАНҰЛЫНЫҢ ПОЭЗИЯСЫ ТУРАЛЫ

Қазақ поэзиясында Темірхан Медетбектің «әдебиетіміздің алтын көпірі» деп атаған бір топ ақындардың арасында алдыңғы шептегі арқалы ақын, аса салмақты, терең ойларды қазіргі өлең өлкесіне сіңіріп жүрген, өзіндік өрнегі мен даңғыл дара жолы бар, сынақтардан мейілінше сескенбейтін, кемеліне келіп, әдебиет әлемінде өзіндік орынын алған ақын ол – Бақыт Беделханұлы.

Сонау тоқсаныншы жылдардың тоқырауында әдебиет әлеміне именбей еркін кіріп, ұлы өнерді асқақ тұтып, қиын-қыстау кезеңдерде де өлеңді жан серігі қыла білген ақынның қазіргі поэзиясы әбден толысып, кемелденген кезі екендігін анық байқауға болады.

Егер де поэзияның жанрлық сипатынан туындайтын талаптарды еске алсақ, шапшаң қозғалысты баяндай отырып, сол арқылы ақын өз ойын айтады. Поэзия

оқиғасы – бір ғана сюжетке құрылып, көркемдігі жағынан драмаланған оқиға болуы шарт. Поэзияның басты шарттарының бірі де драмалық шиеленістер мен тартыстар, соның негізінде оқырманын сан ойға жетелеп апаратын шарықтау шегі және қазіргі қоғамға қажетті мысал бола алатындай қорытынды ой мен түйін болса, балладаның құны арта түсері белгілі. Ендеше қазіргі қазақ ақындары арасында суырылып шығып, драматугияға қалам тартып жүрген Бақыт Беделханның поэзиясында баллада жанрының орын алуы заңдылық деп білуіміз керек. Себебі, сюжеттік желісін қоюландырып, оқырманын ойландырып жазылған Бақыт Беделханұлының балладалары мен поэмалары драматургияға барар жолдың бастау шебі деп айтсақ қателеспейміз.

Қазіргі көп ақындарымыз тәу етер Тәуелсіздік тақырыбын ұраншыл өлеңдерімен ғана жырлап жүрген болса, ал Бақыт Беделхан Тәуелсіздік пен егемендіктің, азаттық пен еркіндіктің қадір-қасиетін астарлы ой, сиқырлы сюжеттермен құрылған балладалары мен поэзиялары арқылы оқырмандарына шебер жеткізіп бере білген. Мәселен, ақынның ***«Болған ана», «Ауғанбай туралы арман жыр», «Бақсының үйі»*** балладалары мен поэзиясының барлығында Тәуелсіздік жолындағы күрес пен тартыстың азабын тартқан ана, бейнетін шеккен бозбала, абдыраған ауылдың тыныс-тіршілігі өлең боп өрілген.

Қысқа ғана сюжетте құрылған ***«Болған ана» балладасының*** басын оқығанда, бірден ауылдағы ақылынан адасқан кемпірдің қайғы-зары, қасірет-қайымы болар деп ой түйгеніңмен, оқиғаның өрбуі



барысында солақай саясаттың кесірін көрген кейуана кемпірдің бейнесі жан жүрегіңді шымырлатып, алпыс екі тамырыңды аралап өкіндіреді, расыменен де бар пейіліңмен сенесің, өкінесің, толғанасың да, Тәуелсіздікке тәу етесің.

*Ұйықтамайтын күндіз жүріп, түн жүріп,*
*Әңгіме айтсаң, бірді ұқпайтын, бірді ұғып.*
*Біздің ауыл «Жынды кемпір» дейтұғын,*
*Бір кейуана өмір сүрді қым қуыт,* – деп басталатын балладa оқырманды бірден өзіне баурап алады. Әрі оқырманның көз алдына қорқынышты кейуананың кейпі бірден елестей кетеді. Оқып отырған адам да бірден үрейге беріліп, сахнадағы қойылымға телміргендей оқиға желісінің қызығына елти түседі.

*Кейде үстіне темір-терсек сымды іліп,*
*Сыңғырлатып, зарын айтса сыр қылып,* – деген жолдар, немесе:

*Содан кейін айтып жүрді ел ауылда,*
*«Бала ұрлайды сол кемпір» деп дүрлігіп,* – деп келетін оқиғаның өрбуі оқырманның эмоциясын одан ары арттырып, жанын түршіктіреді.

Оқырманын бірден баурап басталған баллада:

*Бәрімізде баламыз ғой ана емген,*
*Оның енді жазыла ма жаны емнен?* – деп келеді де, бағанағы қорқыныштың барлығын аз да болса бойдан сейілтіп тастайды. Ендігі кезекте бұл кемпірдің мұндай күйге қалай түскенін заманның зарымен сабақтастыра отырып, ағытып береді. Бұл – Бақыттың шебер сюжет құраушы ақын екендігінің айғағы.

*«Сұм соғыста ерлікпенен ері өлген,*
*Ерінен соң бауырын сылып ... бала өлген.*

*«Қызығым!» деп қыздан туған немере*

*Ауған жақта алыс жатты тағы елден,* – деген тұста ет жүрегің езіледі.

Онымен қоймай кейуананың тағы да тағдыр талайын тартқаны, қоғам мен заманның зарын запыран қылып, шері шемен болған бейнесін көресіз.

Күйеуі соғыста өлсе, баласы ол да жер жастанған. Жиен немересі Ауған соғысында опат болған. Онымен қоймай, тағы да бір жан түршіктірер қасірет оның төбесінде бұлт үйіреді.

Ол:

*Бауырына басқан ұлы кешегі,*
*Аз да болса, көңілінің қошы еді.*
*Желтоқсанның жендетінің қолынан,*
*Ізім-қайым ол да кетті деседі.*

Замананың осыншалықты қайғы-қасіретін бір басына үйіп берген кейуана жынданып кетпегенде, енді не істейді?!

*Арыстарын аза тұтып іздейді,*
*Көр-топырақ бұйырмаған ауылдан.*

Ауыр азап пен қайғы-қасірет шеккен кейуана кемпірдің образын Бақыт былай сомдайды:

*Бір ғасырдың қасіреті мен қатерін,*
*Көшіргендей әжім-әжім бетінен.*
*Тірі ескерткіш боп отырса, шуақтап,*
*Тамашалап жұрт өтетін шетінен.*

Бұл жердегі көркем образ осыншалықты қасірет шеккен бір ғана кемпірдің бейнесін емес, бүтіндей азап шеккен қазақ ауылының әжелерінің әжімінің астында заман зары жатқан шебер көрсете білген.

Сойқан соғыс, солақай саясат, ұлт жолындағы



құрбандық кесірінен қаншама қазақ отбасының ошағы ортасына түсіп, ұрпақтың амандығын ойлаған ананың көз жасы көлдей боп ақты десеңізші?! Осыншалықты қасірет шегіп, елі мен жұртына мазақ болып, көрген күні дозақ болып жүрген кейуана кемпір:

*Тәуелсіздік алған жылы, а Құдай!*
*Кейуананы жұрт таң қалды танымай.*
*Сары сандықтан сары көйлегін ап шығып,*
*Сары тоқаш пісірді де тәтті ғып,*
*Көңілінде бір кірбің жоқ тарыдай,*
*Көше аралап күліп жүрді ол жадырай.*

Астаң-кестең, аласапыран, алапат ғасырда бар байлығы – бала-шағасынын айырылған, ошағының оты өшер қалде тұрған, елі мен жұрты «жарты ес» деп жүрген кейуананың Тәуелсіздікке тәу етіп, оның қадірін есі бүтін адамдардың өзінен артық ерте түсініп, осыншалықты асқақ рухпен, асқан көңіл-күймен қарсы алуының себебі неде? Себебі, осы күнге жету жолында көрмеген қиындығы, тартпаған азабы жоқ. Тәуелсіздікке қол жеткендігіне шын пейілімен шаттанған кейуана:

*Тәуелсіздік алдық па? – деп сұрайды,*
*Алдыменен ауызға алып Құдайды.*
*Оның сондағы негізгі арманы:*
*Енді менің балаларым келед – деп,*
*Қуанышын жасыра алмай жылайды.*
*... Жынды кемпір әуеніне басты деп,*
*Жұрт күңкілдеп сөз қып кетті былайғы.*

Қазақ жұрты үшін Тәуелсіздіктің өте құнды, баға жетпес байлық, мәңгілік тәу етер ең ұлы мұрат екендігін кейуана кемпірдің зары, қайғы-қасіреті арқылы асқан шеберлікпен келтіре білген Бақыттың бұл ұсталығына

сүйсінуге болады-ақ.

Балладаның соңында егемендік алғанына шексіз қуанған кейуананың шаттығы ұзаққа бармады.

*Енді еңсесін көтерген сол кемпірді,*

*Жұрт жіберді шыныменен жынды қып [64].*

Бұл жерде егемендікке қол жеткізгенімізбен, соның қадірін анық ұға алмаған тобыр бақытсыз ананы одан бетер есалаң күйге түсіреді. Шыныменен келгенде, еліміз Тәуелсіздік алған алғашқы бетте жоғымызды түгендеп, барымызды бүтіндеп, ұлттың неше жылдан аңсаған, армандаған, алға қойған таудай мақсаттарын ешкімнен именбей, емін-еркін орындай аламыз деген адал көңіл, асқақ қиялдың барлығы желге ұшқандай жоқ болды. ***Аюдай ақырған, айдаһардай абжылан көршілеріміздің көңіліне қараған жасықтықтың кесірінен болар, әйтеуір белгілі бір себептермен ұлттың ұлы мұраты алдыңғы шептен ысырылып, үнемі көштің соңында ілесіп келе жатқаны ақиқат.*** Ендеше, бөрігін көкке атып, армандап жеткен ***Тәуелсіздіктен күткен көп мақсаттар орындалмай, оны осы кейуанадай күткен кейбір жандардың өзі жынды адамның кейпін киіп қалғаны да – шындық.*** Астарлы ойдың астында көптеген мән мен мағына, ащы ақиқаттар жатқаны тағы да айқын.

***«Ауғанбай туралы арман жыр» балладасының*** да негізгі түйіні мен шешімі – Тәуелсіздік үшін күрес тақырыбы. Балладаның мазмұны әдеттегі балладалар сияқты белгілі бір оқиға, сюжет желісіне құрылмаған. Біракта бір адамның басынан өткен тағдыр арқылы кейіпкердің жан тебіренісі, өткен өмір жолы, тартқан азабы, асқақ рухы арқылы заманнның бүтіндей



келбетін, өткенін, бүгінін, болашағын көз алдыңызға алып келеді.

Жалпы мазмұнын тиянақтап, жинақтап, фабуласын айтып өтсек, былай: Жердің бетінде құдайсыз жұмақ орнатып, өмір сүруге болады деп түсінетін қоғамның пенделеріне Ауғанбайдың ішкі назы бар. Қалың тобыр Ауғанбайды «ауған», «жынды» деп есептейді. Себебі, оның жанының жалғыздығын түсінетін адам жоқ. Оның ата-бабалары сонау бір сұрапыл жылдары шетел асып кеткен. Ол ел қатарлы әскерге аттанады. Біракта алты айдан соң ауылына «Ауған соғысына аттандым» деген хат келеді. Ауғанбай әскерден келгенде, мүлдем өзгеріп келеді. Себебі, ол сол кезеңдегі социализмнің жүргізіп отырған солақай саясатын ерте түсінеді, қан майданда өлген адам, қыршынан қиылған тағдырлар, жазықсыз кеткен боздақтар оның көз алдынан кетер емес. Оны біреуі жынды десе, біреулер намысы жоғары арыс дейді. Біракта ауылдың алагөздеген тірлігіне шыдамаған Ауғанбай Алматыға аттанады. Ал оған бүкіл ел «құтылдық» деп қуанысып қалады. Сөйтіп Ауған соғысының азабын көріп келген намысты азамат Алматыдағы желтоқсан көтерілісіне қатысып, тағы да елдің аузына ілігеді. Ұлттың ұлы мұраты үшін алаңға шыққан намысты жігіт арманда өледі.

Балладаның соңында:

*Емес қазір бұл заман шырайсыз да,*
*Мінейсіз бе, еркіңіз сынайсыз ба?..*
*Кешегі Ауғанбайдың ер мінезін,*
*Қалай болды екен деп сұрайсыз ба?*
*Тек қосылып кетпесе екен кешегідей,*
*Құдайсыз құдайсызға.,*

*Бір ойсыз, бір ойсызға!* – деп түйіндеген Бақыт балладаның соңында құдайсыздық пен ойсыздықтан аулақ болуға шақырады. Оқырманның өзіне ойланатындай ауыр жүк артып, астарынан ақиқат табуға жол сілтейді.

Ақынның, мысалға, ***«Солай бәрі болу керек»*** өлеңін алатын болсам:

*«Өрт боп жанған махаббатым, аман бол,*
*Өшер кезде ешкім маған от бермес».*

Осы жолдарда ақын ұлы күш – махаббаттың жалынын анық аңғартады. Махаббат от береді, маздатады. Тағы бір ерекшелік, өлеңнің бірінші ***(Ө)***, төртінші ***(Е)*** шумақтары ассонансты пайдаланып, ал екінші ***(Л),*** үшінші ***(М),*** бесінші ***(С)*** шумақтары аллитеррация тәсілін қолданылып жазылған. Және де сол басқы әріптерден құралған сөз: «Ө Л М Е С»... Иә, бұл жалынды жырлар өлмейді, мәңгі!

Осы ойды ***«Мәңгіліктер» өлеңінде*** былайша сабақтайды:

*«Мәңгіліктер...*
*Мәңгі өлмейтін жаныма жаңғырып кел».*

Бұл жанның мәңгі өлмеу себебі, ол – ақын жаны.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қабдолов З. Сөз өнері: Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1982. – 368 б.
2. «Жас ақындар жырының анталогиясы». Алматы: Өлке, 2000 ж.
3. Беделханұлы Бақыт. «Жалғыздықтың жанары». – Астана: Елорда, 2012. – 224 б.
4. Бақыт Беделханұлы «Уақыттың жүрегі». – Алматы Қазығұрт 2011ж.
5. Бақыт Беделханұлы «Ауадағы жазу». – Астана – 2018ж.





**К. М. ТАСМАҒАМБЕТОВА,**
**Талап мектеп-**
**бөбекжай» кешені»,**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі.**
БҚО,
Ақжайық ауданы,
Құрайлысай ауылы

# Т. АХТАНОВ «КҮЙ АҢЫЗЫ» ӘҢГІМЕСІНДЕГІ ӨНЕР ИЕЛЕРІНІҢ ТАҒДЫРЫ

| | |
|---|---|
| **Оқыту мақсаттары.** | **1.** Шығарманың тақырыбын, сюжеттік-композициялық желісін, негізгі идеясын ашу, күйдің шығу тарихына байланысты қосымша ақпараттар іздестіру.<br>**2.** Оқушылардың шығарма кейіпкерлеріне жан-жақты талдау жасап, сын тұрғысынан баға беріп, өз ой-пікірін білдіруге дағдыландыру.<br>**3.** Еркін сөйлеуге, ашық пікір айта білуге баулу, өнерге деген қызығушылығын арттыру, оның құдіретін тануға тәрбиелеу. |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** Өз ойларын кеңейтуді жалғастырады. Бүгінгі және өтілген сабақ арасындағы байланысты үйрене бастайды, меңгереді. Тақырыптың мағынасын түсінеді. Мұғалімнің көмегімен сұрақтарға жауап береді. |

| | |
|---|---|
| | **Оқушылардың көпшілігі:**<br>Әңгіменің желісі туралы мәлімет алады. Шығарманың тақырыбы мен идеясын талдай алады, топтық жұмысқа белсене қатыса алады. Шығармашылықпен жұмыс айналысады. Өз ойын еркін жеткізу қабілетін дамытады.<br>**Кейбір оқушылар:**<br>Тиісті жағдайда басқаларды қадағалайды. Мәтіндегі таныс сөздердің мағынасын түсінеді, қолданады, сөйлеседі. Мұғалімнің көмегімен мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. |
| **Тілдік мақсат-тар** | **Оқушылар:**<br>Шығарманы өз бетімен оқиды, өз ой-пікірлерін қорытындылайды, шығарманың көркемдік ерекшелігіне тоқталады.<br>**Пән лексикасы ментерминологиясы:**<br>Домбыра, күйші, күй, түйе, керуен.<br>**Диалог жазу үшін қажетті сөз тіркестері:**<br>**Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>- Оқиға шешімі сендерді қандай ойларға жетелейді?<br>- Неліктен әңгіме «Күй аңызы» деп аталған? |
| **Бастапқы білімдер** | Оқушылар аңызға айналған күйлер туралы өз пікірлерін айтады. Әңгіменің сюжеттік- композициялық |



| | | |
|---|---|---|
| | желісі бойынша әңгіме мазмұны туралы баяндайды. | |
| **Сабақ барысы** | | |
| **Сабақ сатылары** | **Сабақтағы жоспарланған әрекет** | **Ресурстар** |
| **5 мин.** | **« Ыстық орындық»** әдісі бойынша үй тапсырмасын сұрау. Ботасы өлген аруана Естемес күйшіге қалай әсер етті? Естемес күйшінің күй өнері туралы пікірі қандай? Оразымбет кім? Қандай адам? Жаңыл туралы не айта аласыңдар? Әңгімедегі қария қандай адам? Естемес күйшінің жүрегін бүлк еткізіп, көңілін әлденеге талпынтқан не? | **АКТ** |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы.**<br>**10 мин.**<br><br><br><br><br><br><br><br>**7 мин.**<br><br><br><br><br><br>**10 мин.** | **Қызығушылықты ояту. Психологиялық дайындық. «Бозінген»** күйін тыңдау (күйші қарт, күй, домбыра).<br>**Сұрақтар:**<br>***1.*** *Бұл үш суреттің арасында қандай байланыс бар деп ойлайсыңдар?*<br>***2.*** *Біз жоғарыда қандай күй тыңдадық?*<br>***3. “Бозінген”*** *күйінің шығу тарихын білеміз бе?*<br>**Суреттерді таңдату арқылы үш топқа бөлу.**<br>***I-топ - «Өнер» тобы;***<br>***II-топ-«Күй» тобы;***<br>***III-топ-«Күйшілер» тобы.***<br>**1-тапсырма.** Топтық жұмыс. Постер қорғау.<br>**1.** *Өнер сөзінің мағынасы, қазақ халқының қандай өнерін білесің?*<br>**2.** ***“Күй”*** *сөзінің білдіретін мағынасы қандай?*<br>**3.** ***“Күйші”*** *сөзінің мағынасы қандай? Қандай күйлерді білесің?* | **Аудиожазба**<br><br><br><br><br><br>**Түйе, домбыра, күйші суреттері.**<br><br><br><br><br><br>**Карточкалар. А3 формат.**<br><br>**Түрлі-түсті маркерлер.** |



| | | |
|---|---|---|
| | **2-тапсырма. Қолдану.**<br>**I-топ.** Үзіндінің композициясы.<br>**II-топ.** Шығарма кейіпкерлеріне портреттік сипаттама.<br>**III-топ.** Әдебиет лотосы. Әңгімеден үзінді<br>**«Өнер» тобына:** қарт күйшінің Оразымбетке *“Менің күйімді үлгі етсең де, менің өмірімді үлгі етпе”* деген сөзін қалай түсінеміз?<br>**«Күй» тобына:** Естемес күйшінің *«Күйге қыз берген қазақты әлі көрген жоқпын»* дегенінен не түсінуге болады?<br>**«Күйші» тобына:** Бозінгенді көргенде, Оразымбет қорықты. Естемес жан-жарасын түсініп, “аруана” деп атады. Бозінген мен Естеместің өмірінде қандай ұқсастықтар бар?<br>**3-тапсырма.** Баға беру. Үш топқа сұрақ.<br>**1.** *Жаңылдың іс-әрекетіне көзқарастарың қандай?*<br>**2.** *Оқиға шешімі сендерді қандай ойларға жетелейді?*<br>**3.** *Күйдің нарды идіргендегі құдіреті туралы ойларыңмен бөлісіңдер?* | |

| | | |
|---|---|---|
| | **4-тапсырма.** Сабақты пысықтау.<br>**“Сөздер сөйлейді”.**<br>**«Өнер» тобына:**<br>*- “Әкемнің ұлы жоқ, айып етпеңдер”. Жаңылға қандай мінездеме берер едіңдер?*<br>**«Күй» тобына:**<br>*- “Өлімнен ұят күшті”. Шалға қандай мінездеме берер едіңдер?*<br>**«Күйші» тобына:**<br>- «Он алты-он жеті жаста болар, ұзатылар уақыты да жеткен екен ғой...» – деп ойлады ішінен күйші. Қазіргі кезбен салыстырғанда не айтар едіңдер? Қалай ойлайсыңдар? | |
| **Сабақтың соңы**<br>**3 мин.** | **Сабақты бекіту кезеңі.**<br>**1.** *Жаңыл неге екі күйшіге өнерлеріңді бірдей салыңдар деп айтты?*<br>**2.** *Естемес қарт неге өз өмірін өзгертуден бас тартты?*<br>**3.** *«Заманым өткен екен ғой», – деп неге күрсінді?* | Флеш карталар.<br>Стикерлер |



| | | |
|---|---|---|
| | **Сабақтың қорытынды кезеңі: Бағалау:** өлшемдер арқылы өздерін бағалайды. | |
| **Қосымша ақпарат** | | |
| Дифференциация – көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз?<br>Неғұрлым қабілетті оқушылардың алдына қандай міндеттер қоюды жоспарлайсыз? | Бағалау оқушылардың материалды игеру деңгейін тексеруді қалай жоспарлайсыз? | **Пәнаралық байланыстар.**<br>Музыкамен, сурет өнерімен байланыс.<br>АКТ – мен байланыстар.<br>Құндылықтар-мен байланыс-тар (тәрбиелік элемент) |
| Шығармашылық міндеттегі нәтижелерді дифференциация-лау. Оқушы жүргізуші бола алады. | Бақылау, тыңдау, оқушыларға ойлануға берілген сұрақтар<br>- «Нар идірген» мен «Бозінген» күйлерінің қандай ұқсастығы бар?<br>- Оқиға шешімі сендерді | Қоршаған ортамен байланыс. |

| | | |
|---|---|---|
| Қорытынды міндеттегі неғұрлым күрделі сұрақтар. | қандай ойларға жетелейді?<br>- Қазақтың қасиетті күй өнері туралы өз ойың | Басқалармен жұмыс істеу, түрлі пікірлерді құрметтеу. |
| **Рефлексия**<br>Сабақтың мақсаттары, оқу мақсаттары шынайы болды ма?<br>Оқушылар бүгін нені үйренді?<br>Сабақтағы көңіл күй қандай болды?<br>Менің дифференциациялық әдісім дұрыс жұмыс істеді ме?<br>Сабақтың барлық кезеңдерін берілген уақытта жүргіздім бе?<br>Мен өз жоспарыма қандай өзгерістер енгізуді қалар едім? | | Өз сабағым туралы сұрақтарға жауап беремін. |
| **Қорытынды баға**<br>Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті?<br>(сабақ беру туралы, үйрету туралы)<br>**1.**<br><br>**2.**<br>Қандай екі нәрсе сабақты жақсартатын еді?<br>**1.**<br>**2.**<br>Мен сабақ барысында сынып және жекешелеген оқушылар туралы келесі сабаққа дайындалуыма көмектесетін қандай деректерді білдім. | | |



**Ф. ШАМАНОВА,**
**М. Исламқұлов атындағы**
**жалпы орта мектебі.**
Түркістан облысы,
Ордабасы ауданы,
Шұбарсу ауылы

# М.ШАХАНОВ «НАРЫНҚҰМ ЗАУАЛЫ» ПОЭМАСЫ

| | |
|---|---|
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | **7.1.1.1** әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау. |
| **Сабақ мақсаттары** | Сюжет кестесі, хикаят кестесі, әдеби шеңбер әдісі арқылы сюжеттің құрамдас бөлшектерін талдау. |
| **Ойлау дағдылары** | Түсіну және қолдану |
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар: «Әдеби шеңбер» әдісі** арқылы сюжетті талдайды, **«Сюжет кестесі» әдісі** арқылы өзіне ұнаған бөлімін талдайды. **«Хикаят кестесі» әдісі** арқылы сюжетті ретімен орналастырады. |
| | **Пәнге тән лексика мен терминдер:** *әдіптеу, шомбал, зауал, ішік.* |
| | **Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:** *зұлымдық, жақсылық, қиыншылық,* |

| | | |
|---|---|---|
| | *сатқындық, жек көру, ақынға деген махаббат, дала заңы, әке үкімі.* | |
| **Бағалау критерийі** | Шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдайды. | |
| **Құндылық-тарды дарыту** | Жалпыға бірдей еңбек қоғамы. | |
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақстан тарихы, география, бейнелеу | |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Ноутбук | |
| **Бастапқы білім** | | |
| **Сабақтың барысы** | | |
| **Сабақтың жоспарланған кезеңдер** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **Сабақтың басы 3 мин.** <br><br> **Сабақтың ортасы 4 мин.** | **Сәлемдесу** <br> **Психологиялық дайындық** <br> Шеңбер болып бір-біріне тілек айту <br> **«Сандар әлемі» әдісі** арқылы топқа біріктіру.1, 2, 3 деп санау арқылы топқа біріктіру <br> **Топқа бірігу** <br> **1-топ:** <br> **– Әдебиетшілер;** <br> **2-топ:** <br> **– Тарихшылар;** | |



| | | |
|---|---|---|
| | **3-топ – Суретшілер.** <br> **Үй тапсырмасына шолу.** <br> **«Иә және жоқ» әдісі** арқылы сабақты қорытындылау <br> Тест түрінде беріледі. Оқушылар белгілеп болған соң, дауыстап оқимын. **“Иә - жоқ”** деп, тесттің дұрыстығын анықтайды. <br> ***– Қасым Қайсенов – жазушы.*** <br> ***А).*** *Иә.* ***В).*** *Жоқ.* <br> ***– Қасым Қайсеновтың «Жау тылындағы бала» повесі шындыққа негізделген.*** <br> ***А).*** *Иә.* ***В).*** *Жоқ.* <br> ***3. – Серік – командир.*** <br> ***А).*** *Иә.* ***В).*** *Жоқ.* <br> ***4. Анна Ивановна Серікке өз баласындай қарады.*** <br> ***А).*** *Иә.* ***В).*** *Жоқ.* <br> ***5. Борис пен Серік барлаушы болды.*** <br> ***А).*** *Иә.* ***В).*** *Жоқ.* <br> **ҚБ. Өзара бағалау.** <br> **Кері байланыс – ауызша.** <br> **Жаңа сабақ.** <br> **Ойқозғау.** | **Тест парақ-шалары** |

| | | |
|---|---|---|
| **5 мин.** | **«Порттерттер сөйлейді» әдісі**<br>**– Мынау кімнің портреті? М.Шахановтың портреті.**<br>**Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>***1.***– *Мұхтар Шаханов кім?*<br>***2.*** *– «Нарынқұм зауалы» кім туралы поэма?*<br>***3.*** *– Махамбет Өтемісұлы туралы не білесіңдер?*<br>***4.*** *– Махамбет Өтемісұлы тұсындағы тарихи-әлеуметтік жағдай қандай болды?*<br>**5.** *– Ол туралы не білесіңдер?* ***Қазақстан Республикасының халық жазушысы.***<br>**6.** *– Оның қандай шығармалары бар?* **«Ғасырларды безбендеу», «Уақыт бедерлері», «Зерде» атты өлеңдер, балладалар мен поэмалар жинақтары бар.**<br>**«Танакөз», «Сейхундария», «Күре тамырды іздеу», «Сенім патшалығы», «Махаббатты қорғау», Нарынқұм зауалы» мен «Жеңілген жеңімпаз хақындағы Отырар дастаны немесе Шыңғыс ханның қателігі» атты поэмалары бар.**<br>Сабақтың тақырыбын ашу үшін Махамбет Өтемісұлының суретін көрсету **«Құпияны аш» әдісі** арқылы бүгінгі сабақтың тақырыбын талдайды. | **М.Шаханов суреті**<br><br>**М.Өтемісұлы суреті**<br><br>**Сурет** |



| | | |
|---|---|---|
| **15мин.**<br><br><br><br>**8 мин.** | **Топтық жұмыс**<br>**«Әдеби шеңбер» әдісі**<br>**І-топ – Баяндаушы.** Шығармадан түсінгенін баяндайды.<br>**«Мен – тарихшымын» әдісі**<br>**ІІ-топ – Байланыстырушы.** Тарихи оқиғамен байланыстырып талдайды. Жер-су аттарын табады.<br>**«Қалың және жұқа сұрақтар» әдісі**<br>**«Құрылысшы ойыны» әдісі**<br>**ІІІ-топ – Талқылаушы.** Шығарма бойынша сұрақтар құрастырады. Шығарма желісі бойынша сурет салады.<br>**Дескриптор Білім алушы**<br>**1.** *Шығарманы талдайды;*<br>**2.** *Шығарманы тарихи оқиғамен сабақтастырады;*<br>**3.***Түйінді ой айтады;*<br>**4.***Негізгі идеяны анықтайды.*<br>ҚБ Смайликтер арқылы<br>Кері байланыс топтар бір-біріне кері байланыс береді.<br><br>**2-тапсырма**<br>**Жеке жұмыс**<br>**«Сюжет кестесі» әдісі** | |

| | | |
|---|---|---|
| | <table><tr><td>Сізге поэманың қай бөлігі ұнады? Неліктен?</td><td>Маған ұнаған бөлім</td><td>Бөлімдегі оқиға желісі Ұнаған себебі</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr></table><br>**Дескриптор Білім алушы**<br>**1.** *Шығарма бөлімін талдайды;*<br>**2.***Талдау барысында өз ойын нақты жеткізеді.*<br>**ҚБ. «Бас бармақ» әдісі**<br>**3-тапсырма**<br>**Жұптық жұмыс**<br>**«Логикалық тізбекті ажырату» әдісі**<br>**Оқушыларға тақырыпқа сәйкес негізгі сөздер тізбегін жүйелілікке келтіру тапсырылады.**<br>*– Махамбетті өлтіру;*<br>*– Махамбеттің түсі;*<br>*– Шомбал жігіттің алған сыйлығы;*<br>*– Ықыласты үгіттеп, Махамбетке жол тартуы;*<br>*– Әкенің ызасы;*<br>*– Баласын төбеге қалдыруы.*<br>**ҚБ жұптық бағалау.** | **Сызба**<br><br>**Кері байланыс парақшасы** |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың соңы 2 мин.** | **Кері байланыс**<br>*– Сабақ несімен ұнады?*<br>*– Қандай ой түйдің?*<br>**Үй тапсырмасы:** М.Шаханов туралы мәлімет жинау. «Нарынқұм зауалы» поэмасына сатылай кешенді талдау жасау. | |



**Ә.Ә. ПІРІМОВА,**
**Абай атындағы**
**№138 орта мектебінің**
**қазақ тілі мен**
**әдебиеті пәні мұғалімі.**
Қызылорда облысы,
Қызылорда қаласы,
Абай ауылы

# ЖЕР-СУДЫҢ АТЫ – ТАРИХТЫҢ ХАТЫ

| | |
|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізіетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | **О. 6.2.1.1 -** мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру;<br>**Ж.6.3.3.1 -** ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру. |
| **Сабақтың мақсаты** | **Барлық оқушы орындай алады:**<br>Мәтінді түсініп оқиды.<br>Мәтіннен негізгі, қосымша, детальді ақпаратты тауып, түсіндіреді.<br>Мәтіндегі деректерге сүйеніп, кестені толтырады. |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:**<br>Мәтіннен негізгі, қосымша, детальді ақпаратты табуда жылдамдық танытады. |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады:** |

| | |
|---|---|
| | Мәтіннен қажетті ақпараттарды саралап, талдай алады.<br>Мәтіндегі деректерді кесте құруға орынды қолданады. |
| **Бағалау критерийі** | **1.** Мәтіннен негізгі, қосымша, детальді ақпаратты ажыратады.<br>**2.** Тақырыпқа қатысты деректерді кесте түрінде ұсынады. |
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар орындай алады:** Мәтіннен негізгі, қосымша, детальді ақпараттарды ажыратып, ондағы деректердің анықтамасын кестеге жазады. |
| | **Диалог құруға, шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:** Алакөл, Алакөл аталу себебі, ұсақ көл, емдік қасиеті, суы тұзды, көл суының түсі, су құрамы. |
| | **Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>*– Алакөл қайда орналасқан?*<br>*– Көл неліктен Алакөл деп аталған?*<br>*– Алакөл құрамындағы көлдерді атаңдар.*<br>*– Көлдің артықшылықтарын атаңдар.*<br>*– Көл суының түсі қандай?*<br>*– Көлдің суы неге бай?*<br>*– Көлдің емдік қасиеті неден байқалады?*<br>*– Неліктен Алакөлде демалу керек деп ойлайсың?* |



| | |
|---|---|
| | **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** негізгі ақпарат, қосымша ақпарат, детальді ақпарат, графикалық мәтін, көл атауы. |
| **Құндылықтарға баулу** | Алакөл көлінің атауына назар аударып, қажетті ақпараттарды білу арқылы «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясындағы «Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы» құндылығына баулу. |
| **Пәнаралық байланыс** | География. Қазақстанның географиялық картасынан Алакөл көлін табу, көлдің сипаттамасын білу арқылы «География» пәнімен пәнаралық байланыс орнайды. |
| **Тақырып бойынша алдыңғы білім** | Жер-судың аты – тарихтың хаты. Алдыңғы тақырып бойынша Қазақстандағы Балқаш көлі атауының шығу тарихы, бүгінгі сипаты туралы білімі бар. |

| **Сабақтың барысы** | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **І. Ұйымдастыру кезеңі**<br>- Сәлемдесу.<br>- Түгендеу. | |

| | | |
|---|---|---|
| | **- Психологиялық ахуал туғызу:** «Шаттық шеңбері»<br>Шеңбер бойына тұрған оқушылар бір-біріне адам бойындағы жақсы қасиеттерді айтады.<br>Бүгінгі тақырыпқа байланысты 3 топқа біріктіру.<br>***1-топ:*** *Көл;*<br>***2-топ:*** *Ғажайып;*<br>***3-топ:*** *Атау.*<br>**2.Үй тапсырмасын тексеру.**<br>Балқаш көлі туралы басқа аңыз түрлерін қарастыру, ауызша мазмұндау.<br>**Қалыптастырушы бағалау:** «Мадақтау»<br>Жарайсың! Тамаша! Осы бағытыңнан тайма!<br>**Кері байланыс: «Ауа райы» әдісі.** | Қима қағаздар |
| **Сабақтың ортасы** | **Үй тапсырмасын орындауда не сәтті, не сәтсіз шықты?**<br>**3.** Сабақ тақырыбы, оқу мақсатымен, бағалау критерийлерімен таныстыру. Лексикалық тақырыпқа бойлау. | |



| | | |
|---|---|---|
| | Ой шақыру.<br>– *Қазақстандағы жер-су аттары неге байланысты қойылған деп ойлайсыңдар?*<br>**Оқылым алды тапсырма.**<br>Интербелсенді тақтадан көрсетілген Қазақстанның географиялық картасынан Алакөл көлінің орналасқан жерін табыңдар.<br>**Оқылым тапсырмасы.**<br>Оқулықтағы 5-тапсырмадағы мәтінді мұқият оқып, тапсырмаларды орындаңдар.<br>**Жұптық жұмыс.**<br>Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтаңдар.<br>[Кесте: **Негізгі ақпарат** / **Қосымша ақпарат**]<br>**Оқылымнан кейінгі тапсырма.**<br>**Сыныппен жұмыс. «Кім зерек?» ойыны.**<br>*– Сұрақтарға жауап беру арқылы детальді ақпараттарды табыңдар.*<br>*– Алакөл қайда орналасқан?*<br>*– Көл неліктен Алакөл деп аталған?* | **Интербелсенді тақта, Қазақстанның географиялық картасы**<br><br>**6-сыныптың «Қазақ тілі» оқулығы**<br><br>**Кесте** |

| Негізгі ақпарат | Қосымша ақпарат |
|---|---|
| | |

*– Алакөл құрамындағы көлдерді атаңдар.*
*– Көлдің артықшылықтарын атаңдар.*
*– Көл суының түсі қандай?*
*– Көлдің суы неге бай?*
*– Көлдің емдік қасиеті неден байқалады?*
*– Неліктен Алакөлде демалу керек деп ойлайсың?*
*– Оқылымнан кейінгі тапсырма.*

| **Бағалау критерийі** | **Дескрипторлар** |
|---|---|
| Мәтіннен негізгі, қосымша, детальді ақпаратты ажыратады. | * Мәтіндегі негізгі ақпараттарды іріктейді;<br>* Қосымша Ақпараттарды ажыратады; сұрақтарға жауап береді;<br>* Детальді ақпараттарды табады. |

**Кесте**

**Қалыптастырушы бағалау: «Соңғы сөзді мен айтайын» әдісі** арқылы дескрипторларға сүйене отырып, жұптық бағалау.
**Кері байланыс:** Мәтіннен қандай ақпаратты табу оңай немесе қиын болды?
**Жеке жұмыс.**
**8-тапсырма.** Оқылым мәтіні бойынша Алакөлге анықтама жаз.



| **Р/с** | **Алакөл** | **Деректер** |
|---|---|---|
| **1.** | Орналасқан жері | |
| **2.** | Құрамындағы көлдер жүйесі | |
| **3.** | «Алакөл» аталу себебі | |
| **4.** | Көл суының түсі | |
| **5.** | Суының құрамы | |
| **6.** | Емдік қасиеті | |

| **Бағалау критерийі** | **Дескрипторлар** |
|---|---|
| Тақырыпқа қатысты деректерді кесте түрінде ұсынады. | * Тақырыпқа қатысты деректерді жинақтайды;<br>* Кестеге анықтама түрінде жазады. |

**Қалыптастырушы бағалау:** Дескрипторларға сүйене отырып түрлі фигуралар арқылы оқушылар өз-өздерін бағалайды.
**Кері байланыс: «Мұғалімге хабарлама» әдісімен** графикалық мәтін құрудағы жетістіктері және қиындықтары туралы хабарлама жазады.



| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың соңы**<br><br>**3 мин.** | **Үйге тапсырма**<br>**9-тапсырма (121-бет)**<br>**Қабілеті жоғары оқушылар үшін:**<br>**Алакөл көлі туралы лепбук әзірлеу.** | |

| | | |
|---|---|---|
| | **Рефлексия: «Таразы» әдісі**<br>**1.** Бүгінгі сабақта маған қиын болған тапсырма.<br>**2.** Маған жеңіл болған тапсырма. |  |
| **Қосымша ақпарат** | | |

| | |
|---|---|
| **Саралау** - Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз?<br>Мақсатбойынша саралау;<br>Нәтиже немесе жауап бойынша саралау;<br>Ресурс немесе мәтін бойынша саралау;<br>Қарым-қатынас формалары бойынша саралау;<br>Оқушыға жеке қолдау көрсету арқылы саралау; | **Бағалау** – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?<br>Топтық, жұптық, жеке жұмыстар жүргізу барысында қалыптастырушы бағалау критерийіне сүйене отырып мұғалім тарапынан қолдау, марапаттау, өзін-өзі бағалау, ұсыныс, пікір айту арқылы бағаланады.<br>Жұмыста «Табыс критерийі» арқылы геометриялық фигуралар арқылы;<br>Оқылым тапсырмасында ***«Соңғы сөзді мен айтайын»*** әдісі арқылы жұптық бағалау жүргізіледі.<br>Жеке жұмыста дескрипторға сүйене отырып, өзіне геометриялық фигуралар бойынша баға беру арқылы; |
| Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға | **Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау.**<br>*Сыныптағы парта, орындық, тақтаның талапқа сай тұруы;* |



| | |
|---|---|
| қандай тапсырмалар бересіз?<br>Жұптық жұмыс «Түйін кестесін толтыру»,<br>жеке жұмыс графикалық мәтін. | *Жарықтың түсуі оқушының көру қабілетіне кері әсер етпеуі;*<br>*Сынып тазалығы;*<br>*Электр жабдықтарының талапқа сай орнатылуы.* |
| **Рефлексия** | Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы сіздің сабағыңыздың тақырыбына сай келетін сұрақтарға жауап беріңіз. |
| **Сабақ оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма?** | Сабақ мақсаттары қолжетімді, себебі барлық оқушы топ ішінде, жұппен бірлесіп және жеке тапсырмалар арқылы қол жеткізе алады. Оқушылардың қабылдау деңгейі мен жас ерекшелігі ескерілген. |
| **Бүгін оқушылар не білді?**<br>**Сыныптағы ахуал қандай болды?** | Сыныптағы ахуал өте жақсы болды, себебі сабақ бір-бірінің игі қасиеттерін айтудан, қолдарын ұстап қолдаудан басталды. |
| **Мен жоспарла-ған саралау шаралары тиімді болды ма?** | Жоспарланған шаралар тиімді болды, себебі оқу мақсатына жетуге бағытталған әдістер жоғарғы және орта деңгейлі оқушыларға арналған |

| | |
|---|---|
| | тапсырмалардан тұрады. |
| **Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе?** | Ұсынылған тапсырмаларды оқушылар берілген уақытына сай орындады, себебі әр тапсырма арнайы уақытқа негізделіп жасалған. Оқылым, жазылым тапсырмаларының уақыты нақты белгіленген. |
| **Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?** | Оқылымнан кейінгі тапсырмада ***«Кім зерек?» әдісін*** қолданған кестеге «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру мақсатында көл атауының тарихи маңызы, сипатын жеткізуде тілдің біртұтастығына назар аудару қажеттігінен туындаған өзгерістер енгізілді. |
| **Жалпы бағалау** Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)? Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не себеп болар еді (оқыту мен оқуға қатысты)? Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың | Сабақта ең тиімді болғаны – саралаудың қарым-қатынас бойынша және оқушыға жеке қолдау көрсету бойынша орындалған тапсырмалар мен әдістер. |



| | |
|---|---|
| жетістігі/ қиыншылық-тары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет? | |
| **Қорытынды тұжырым** Жаңартылған білім мазмұнына сәйкес құрылған қысқа мерзімді жоспарда оқушыларды оқу мақсатына жеткізу үшін таңдап алынған әдіс-тәсілдермен ұсынылған тапсырмалар орынды деп ойлаймын. | |

**Ж.СЕНГЕРБЕКОВА,**
**Жаңашаруа қазақ**
**орта мектебі.**
Атырау облысы,
Қызылқоға ауданы,
Қоныстану ауылы

# ӨСІМДІКТЕР ӘЛЕМІ (5-СЫНЫП)

| | |
|---|---|
| **Сабақ негізделген оқу(мақсаттары)** | **Т.А.5.1.3.1** тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау. |
| | **ӘТН 5.4.3.1** омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдану. |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар:**<br>• Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсінеді, анықтайды.<br>**Оқушылардың басым бөлігі:**<br>• Омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолданады.<br>**Кейбір оқушылар:**<br>• Тыңдалған мәтін негізінде сұрақтарға жауап береді. |
| **Бағалау критерийі** | **Тыңдалым және айтылым мақсаты бойынша:**<br>• мәтін мазмұнын түсінеді;<br>• нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыра алады.<br>• Күтпеген сұрақтарға жауабы тез әрі орынды жауап бере алады.<br>•Талқылау кезінде өз ойын толық жеткізе алады.<br>**Әдеби тілдік норма бойынша:**<br>• мәтіннен омоним, антоним, синонимдерді таба алады;<br>• омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолданады. |
| **Күтілетін нәтижелер** | Өсімдіктер дүниесі жайында ақпарат алады;<br>Өсімдіктер әлемі туралы сыныптастарымен пікір алмасады. |
| **Тілдік мақсаттар** | **1. Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:**<br>негізгі ой, жетекші сұрақтар өсімдіктер дүниесі.<br>**2. Диологтер мен жазу үшін қолданылатын тіркестер:**<br>*менің ойымша,*<br>*менің ойымша..., мен бұл пікірмен келісемін / келіспеймін* |
| **Жоғары дәрежелі сұрақтар:** | *Өсімдіктер әлемі деген күрделі сөз қандай мағына береді?*<br>*Өсімдіктер әлемі деген балалар энциклопедиясымен таныссың ба?* |
| **Құнды-лықтарға баулу** | Ұлттық мәдениетке, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа құрметпен қарауға және сыйлай білуге үйрету. |

| | |
|---|---|
| **Ресурстар** | Оқулық, суреттер, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер. |
| **Әдіс-тәсілдер** | «Ой түрткі», «Төрт сөйлем», «Көршіңе әңгімелеп бер», Сұрақ-жауап, «Болжау». |
| **Пәнаралық байланыс** | Жаратылыстану, биология |

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығулар** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Басталуы 3 минут** <br><br> **«Ой түрткі»**  | **Ұйымдастыру бөлімі.** Психологиялық ахуал қалыптастыру. Сынып реттілігін қадағалау. Оқушылар 3 топқа бөлінеді: ағаштар, гүлдер, шөптер.   | бейнетаспа интербелсенді тақта. https://www.youtube.com/watch?v=iBLAUeQT0w8 |



| | | |
|---|---|---|
| |  **«Болады, болмайды» тренингі** \оқушылардың тыңдалым дағдысына негізделген\ <br> **Барысы:** Мұғалім сөйлемдерді оқиды, ал балалар солай болуы мүмкін болса, онда қолдарын шапалақтайды, егер ондай болуымүмкін болмаса, онда аяқпен топылдатады. <br> **Мысалы:** *Өсімдіктер тірі табиғатқа жатады -* ***шапалақтайды.*** *Өсімдіктердің ешқандай пайдасы жоқ -* ***топылдатады.*** *Өсімдіктер аспанда жүзіп келеді. Айдос қағазға өсімдіктің суретін салды. Өсімдікке су құюға болмайды. Өсімдіктер үйде де, далада да өседі.* <br> ***Ойтүрткі сұрақтарға жауап беру арқылы тақырыпты болжайды.*** <br> ***Төмен деңгейлі сұрақтар:*** <br> ***1.*** *Өсімдік өсу үшін қандай жағдайлар керек?* <br> ***2.*** *Өсімдік жыл мезгілдеріне байланысты қандай күйге ұшырайды?* <br> ***3.*** *Өсімдіктің адамға пайдасы бар ма?* | https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-tili/qarapajym-denggej/7-tarau/lesson/4-sabaq |

| | | |
|---|---|---|
| | *4.Қандай қасиеттері бар?*<br>*5. Гүлді өсімдіктерді ата?*<br>*6. Дәнді дақылдарға қандай өсімдіктер жатады?*<br>***Жоғары деңгейлі сұрақтар:***<br>*1.«Өсімдіктер әлемі» деген күрделі сөз қандай мағына береді?*<br>*2.«Өсімдіктер әлемі» деген балалар энциклопедиясымен таныссың ба?* | |
| **Ортасы 25 мин.**<br> | **Тыңдалым 1-тапсырма Мәтінді тыңда.**<br>Мәтінді мұқият тыңдап, мазмұны бойынша өз жұбыңызға бір сұрақ құрастырып жазыңыз. Сағат тілімен айналдырып, көршіңіздің сұрағының астына жауап жазыңыз. Топта ақылдаса отырып, мәтіннің тақырыбын анықтаңыздар. ***«Атаулар туралы үш сұрақ» әдісі бойынша қайда? қалай? қандай? деген*** сұрақтарға жауап береді.<br>***Дескриптор Білім алушы***<br>Мәтін мазмұнын жақсы түсінеді.<br>Күтпеген сұрақтарға дұрыс жауап бере алады.<br>Талқылау кезінде өз ойын толық жеткізе алады. | |



***Жазылым алдындағы тапсырма***

| Пікірлер | Толықтай келісемін | Жартылай келісемін | Мүлдем келіспеймін |
|---|---|---|---|
| **Туған жерімізге бидай өсірсек, мол өнім береді.** | | | |
| **Ауылымызға макарон өнімін шығаратын кәсіпорын салуға болады.** | | | |
| **Ұн сақтайтын қойма салу – болашағымызды ойлау.** | | | |

**Жазылым тапсырмасы: 2-тапсырма**
**«Графикалық органайзер»** стратегиясы бойынша
бидайдың адамдар үшін пайдасын диаграммаға түсіріп, ойыңды нақты мысалдармен дәлелде.
**«Топтық кері байланыс» әдісі**
Сыныптастардың жұмысын бағалауға қатысты топтық кері байланыс мұғалімге оқудағы қажеттіліктерді қарапайым түрде анықтауға көмектесе алады.
Егер топ кері байланыс ұсынатын болса, бұл мәселеге назар аудартып, жүйелендірілген, талқыланған тапсырмаларға қатысты ақпарат береді.
**Дескриптор Білім алушы**
**Бидайдың адамға пайдасын біледі.*
**Диаграммаға түсіре алады.*
**Нақты мысалдармен дәлелдейді.*

**Тізбек сөз жазу**

**Тыңдау арқылы сұрақтарға жауап береді.**

**Флип-чарт, маркерлер, А3 қағазы, үлестірме қағаздары, А4**

| | | |
|---|---|---|
| | **Оқылым тапсырмасы.** Белсенді оқу стратегиясы бойынша **«Жұптас, ойлан, бөліс» әдісі**<br>**3-тапсырма**<br>Мәтінді оқу. Бір-біріне сұрақтар қою, мазмұнын айту.<br>**Жазылым тапсырмасы 4-тапсырма**<br>Оқылым мәтінінен синоним, антоним, омоним сөздерді тауып жаз.<br>**Дескриптор:**<br>* *Мәтінді оқып, мазмұнын талдайды.*<br>* *Мәтін желісіне сай сұрақ қояды.*<br>* *Сұрақтарға нақты жауап береді.*<br>* *Синоним, антоним, омоним сөздерді табады.* | |

| | | |
|---|---|---|
| **Аяқталуы**<br>**5 мин.**<br><br>**2 мин.** | **Айтылымнан кейінгі тапсырма: «ПОПС» формуласы.**<br>Оқушылардан ботаника бағының ел үшін маңызы мен болашағы туралы өз пікірін дәлелдеу сұралады.<br>***1. Бірінші сөйлем:*** *«Менің ойымша, ... »*<br>***2. Екінші сөйлем:*** *«Себебі, мен оны былай түсіндіремін ... »*<br>***3. Үшінші сөйлем:*** *«Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... »*<br>***4. Соңғы сөйлем:*** *«Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ...»* | **тапсырмалар**<br>**жазылған қағаздар** |



| | | |
|---|---|---|
| | **Кері байланыс «SMS- хабарлама» әдісі**<br>Оқушыларға қағаздан жасалған ұялы телефондарға сабақтың қалай өткендігі туралы, қалай жемісті жұмыс істегендері туралы бір-біріне қысқа хабарлама (SMS) жазу ұсынылады. |  |

**Қорытынды бағамдау**

**Қандай екі нәрсе табысты болды? (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз.)**

*Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсаты анықталды. Талқылауға арналған сұрақтар арқылы үй тапсырмасы толығымен сұралып қаралды. Бейнежазбаны есту, көру арқылы балалардың визуалды ой өрісін дамытуға пайдалы болды деп есептеймін. Әдіс-тәсілдер арқылы оқушылар еркін жаза білді, сөйлем құрастырды, мағыналы сөздерді тапты.Өсімдіктердің ерекшеліктерін зерттей білді.*

**Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?**

*Менің ойымша, мәтін құрастыруда оқушыларға қиындық туған секілді. Алдағы уақытта жұмыс жүргізіледі. Жұмыстың бастапқы кезеңінде өз ойларын жеткізуде жасқанып, үндемей отыру сияқты қиындықтар туындады. Алдағы уақытта бұл олқылықтарды жою үшін сабақта оқушыларды қанағаттандыратындай тапсырмалар дайындаймын.*

*Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?*

**Г. Қ. ШАДИНА,**
**Бозой ЖОББМ,**
**қазақ тілі мен**
**әдебиеті пәні мұғалімі.**
Ақтөбе облысы,
Шалқар ауданы

# ҚОРШАҒАН ОРТА ЖӘНЕ АДАМ

| | |
|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары** | **8.3.5.1** Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу. |
| | **8.4.4.3** Сөйлем ішінде бірыңғай мүшелер және айқындауыш мүшелерді қолдана білу. |
| **Сабақтың мақсаты** | **Барлық оқушылар орындай алады: 1.«Қоршаған орта және адам» тақырыбындағы** оқылым мәтінінің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жаза алады.<br>**2.**Жинақы мәтінді жазуда бірыңғай мүшелер және айқындауыш мүшелерді қолдана біледі. |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады: 1. «Қоршаған орта және адам»тақырыбындағы** оқылым материалы бойынша мәтіннің |



| | |
|---|---|
| | баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен маңызды ақпаратты ажырата отырып, жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазады<br>**2.**Жинақы мәтін жазуда бірыңғай мүшелер және айқындауыш мүшелерді орынды қолданады. |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады:**<br>**1.**Оқылым мәтінінің түпнұсқасына сілтеме жасай отырып, баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жаза алады.<br>**2.**Жинақы мәтінді жазуда бірыңғай мүшелер және айқындауыш мүшелердің қызметін түсіне отырып қолданады. |
| **Бағалау критерийі** | *Мәтіннің құрылымын ажырата алады.<br>*Ақпарат желісін сақтап, жинақы мәтін жазады.<br>*Жинақы мәтін жазу барысында бірыңғай мүшелер мен айқындауыш мүшелерді қолданады. |
| **Құндылық тарға баулу.** | *Қазақстандағы қоғам мен дамудың әл-ауқатына жауапкершілік сезімдерін қалыптастыра отырып, өз елінің дамуына үлес қосуға шақыру.*<br>*Жалпыадамзаттық құндылықтарға құрметпен қарауға тәрбиелеу.* |

| | |
|---|---|
| **Пәнаралық байланыс** | География. Қазақстанның климаты.<br>Физика. Ауа қабаттары. |
| **Алдыңғы тақырып** | Бізді қоршаған табиғи орта туралы біледі. |
| **Сабақ барысы** | |
| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері** |
| **Сабақтың басы**<br><br><br>**5 мин.** | **Ұйымдастыру кезеңі.**<br>**Ширату жаттығуы «Бұл жауап болса, сұрақ қандай болады?»**<br>*(Оқушыларға сөйлемдер беріп, жауап ретінде осы сөйлемдерді алу үшін сұрақ қандай болатынын анықтауды сұраймын.)*<br>**(Сабақтың мақсаты мен бағалау критерийлерін анықтау.)**<br>**Сөйлемдер:**<br>**1.** *Қоршаған ортаның компоненттеріне атмосфералық ауа, су, топырақ, жер асты байлықтары жатады.*<br>**2.** *Адамға демалатын ауаның, күнделікті пайдаланатын ауыз судың маңызы ерекше.*<br>**3.** *Экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы – маңызды құжат, ол елдегі экологиялық ахуалды жақсартуға терең ықпал етеді.* |



<table>
<tr><td>Сабақтың ортасы:<br>5 мин.<br><br><br><br><br><br><br><br><br>15 мин.</td>
<td>Оқылымалды тапсырма:<br>«Адам денсаулығы және қоршаған орта» мәтіні ұсынылады. Мәтінді түсініп оқиды.<br><br>Ж. Мәтін бөліктерінің өзара мағыналық байланысын ажыратып, кестеге түсіреді.
<table>
<tr><td>Мәтін бөліктері</td><td>Мәтін бөліктері</td><td>Мәтін бөліктері</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
ЖЖ. Жұпта салыстырыңыз.<br><br>Оқылым тапсырмасы<br>1-тапсырма. Мәтін бөліктерінен алынған ақпараттарды шеңбер ішіне орналастырыңыз.<br>«Маңыздылық аймағы» әдісі<br>


<br>Дескриптор:<br>-мәтінді мағыналық байланысына қарай бөліктерге дұрыс бөледі.</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| **5 мин.** | - ақпараттарды маңыздылығына сай орналастырады.<br>**Қалыптастырушы бағалау:** бағалау критерийіне сай өзара бағалау.<br>(Мұғалім бірыңғай мүше мен айқындауыш мүше туралы анықтаманы еске түсіреді. Сөйлемде қолдану қызметін оқушылармен бірге талдайды.) |
| **5 мин.** | **2-тапсырма.** Баяндау желісін сақтап, ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация) жазыңыз. Сөйлемде бірыңғай мүше мен айқындауыш мүшелерді қолданыңыз.<br>**Дескриптор:**<br>- маңызды ақпараттарды анықтай алады.<br>- сөйлемде бірыңғай мүшелер мен айқындауыш мүшелерді қолдана отырып, жинақы мәтін жазады. |
| **5 мин.** | **Оқылымнан кейінгі тапсырма:** Түпнұсқамен салыстыра отырып, топта бір-бірін тыңдайды. Сәтті шыққан жұмысты **«Автор орындығы» әдісі** бойынша бір оқушы шығып, өз жұмысын оқиды.<br>**Қалыптастырушы бағалау:**<br>**«Конверттегі сұрақ» әдісі.**<br>**Кері байланыс: «Үш сөйлем» әдісі**<br>***1- сөйлем – жетістік;***<br>***2- сөйлем – кедергі;***<br>***3- сөйлем – қорытынды.*** |



| **Қосымша ақпарат** | |
|---|---|
| **Саралау –**<br>**Барынша қолдау көрсету:**<br>Оқушылардың өзара байланысын орнатуға мүмкіндік беру үшін кесте толтыру мен жұпта салыстыру жұмыстары алынды. Жұптық жұмыс барысында қабілеті орта оқушы өзінің құрбысынан көмек алуға мүмкіндігі бар, ал қабілетті оқушы өз ойын жүзеге асыру арқылы жұп жұмысына үлесін қоса алады.<br><br>**Орташа қолдау:**<br>**«Маңыздылық аймағы»** шеңберін толтыру.<br><br>**«Анықтама бұрышы»** арқылы қолдау көрсетілді. | **Бағалау –**<br>оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?<br>Оқушының сабақ барысындағы жұмыс нәтижесі бағалау критерийлері арқылы өзара жұптық бағалау жүзеге асады.<br>**Конверттегі сұрақ:** тақырып бойынша сұрақтардың қаншалықты дұрыс болғаны талқылану үшін пайдаланылды.<br>**«Үш сөйлем» әдісі:**<br>Бүкіл сыныптың кері байланысын көрсетуге арналған. |

**С.К. РАИМКУЛОВА,**
**№81Ұлықбек атындағы**
**жалпы орта мектептің**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі.**
Түркістан облысы,
Сайрам ауданы

# ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫ

| | |
|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары** | **Т. 1.1.3.1** Хабарламаны тыңдау және мұғалімнің көмегімен мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру, сәйкес иллюстрация/заттық сурет/сызба таңдау. |
| | **А. 1.2.2.1** Сурет бойынша 2-3 сөйлем құрастыру. |
| | **О. 1.3.4.1** Мұғалімнің көмегімен мәтіннің мазмұны немесе иллюстрация бойынша қарапайым (не? қандай? қанша?) сұрақ қоя білу |
| | **ТҚ.1.5.1.1** Мұғалімнің көмегімен заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну, ауызекі тілде қолдану. |
| **Сабақтың мақсаттары** | **Барлығы:** Үй жануарларын айта алады. |
| | **Көбі:** Тақырып бойынша сөйлесе алады,олардың санын айта алады. |
| | **Кейбірі:** Үй жануарлары туралы қосымша мәлімет біледі оларды өмірлік жадаятта еркін қолдана алады. |
| **Жетістік критерийлері** | Жаңа сөздерді дұрыс қолданады. Күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын түсінеді және орынды қолдана алады. Сұрақ қою мен жауап беру барысында таныс сөздерді орынды қолдана алады. Сөйлем құрастыруда жаңа сөздерді мағынасына сай, орынды қолдана алады. |
| **Дескриптор** | Сөйлем құрастыра алады; Сұраққа жауап бере алу, өзі сұрақ қоя алу дағдылары жетіледі; Суретке байланыстырып сұраулы сөйлем айта алады. |
| **Тілдік мақсаттар** | Үй жануарлары: сиыр, бұзау, бие, құлын, түйе, бота, қой қозы, ешкі, лақ. |
| **Құндылықтар-ды дарыту** | Үй жануарларына қамқоршы болуға үйрету. |
| **Пәнаралық байланыс** | Бейнелеу өнері, сауат ашу сабағы |
| **АКТ қолдану дағдылары** | https://www.youtube.com/watch?v=BsyfFlArDBg Жануарлар туралы |
| **Бастапқы білім** | Үй жануарлары |

| Сабақ барысы | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **Сабақтың басы 5 минут** | Ертеңгілік шеңбері Оқушылардың көңіл күйін сұрау. Бүгінгі сабақ қызық болуы үшін Әли мен Айя ертегісін тыңдатып, тамашалату. Тақтада үй жануарлары және олардың төлдерінің суреттері ілініп тұрады оқушылар сол бойынша жұпқа бөлінеді. Жануарды төлімен алған оқушылар бір жұп болады. Бота, бұзау, құлын, қозы, лақ. Тақтада оқушыларға арналған оқу мақсаты жазылады. Сабақ мақсаттарымен оқушыларды таныстырып өту. | **Қуыршақтар** <br><br> **Жануарлар суреті** |



| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы 30 мин.** | **«Дауысты тап» ойыны.** Үнтаспадан шыққан дыбыс қай жануардың дауысы екенін табайықшы. Қай жануардың дауысы?<br>***– Сиыр не істеді?***<br>*– Мөңіреді.*<br>*Сүті, еті, терісі бағалы. Сүтінен май, айран, құрт, қаймақ, терісінен түрлі бұйымдар алынады т.б*<br>***– Жылқы не істеді?***<br>*– Кісінеді.*<br>***– Түйе не істеді?***<br>*– Боздады.*<br>***– Қой, ешкі не істеді?***<br>*– Маңырады.*<br>– ***Немен қоректенеді?***<br>*– Су, жем, шөп.*<br>*–Біз оларға суын, жемін, шөбін уақытысында беріп, қамқор болуымыз керек.*<br>**(МК,Ұ) 1-тапсырма**<br>Оқушылардың назарын интербелсенді тақтадағы тұрған суреттерге аудару. *Мынау - түйе. Мынау-жылқы. Мынау - қой.* | Таныстырылым https: //www. youtube. com/<br><br>Таныстырылым<br><br>Үй жануарларының суреттері<br>“Ма, ме” шылаулары жазылған кеспе қағаздары.<br><br>watch?v= BsyfFlArDBg |

| | | |
|---|---|---|
| | *Мынау - ешкі. Мынау - сиыр.* **(МК,Ұ)** Оқушыларға “**ма, ме” сұраулық шылауларын** сөйлеу барысында қолдана алуға дағдыландыру. *(Балаларға біреуден бір нәрсе туралы сұрайтын болса, “**ма, ме” шылауларын** қатыстырып, сұрайтынын ескерту.)*<br>Осыдан кейін мұғалім оқушылардың назарын **«Есте сақта!» айдарына аудару.**<br>**«Айналма бекет» әдісі**<br>Шеңбер құрады суретке қарап сұраулы сөйлем айтады. *(Қолымызда тұрған жануарға байланыстырып сұраулы сөйлем айтасыңдар.)*<br>Мұғалім бұл сұрақтарға ***“Иә, жоқ”*** деп жауап беруін ескертеді.<br>*– Мынау сиыр ма? Мынау жылқы ма? Мынау қой ма? Мынау түйе ме?*<br>*Мынау ешкі ме?*<br>**(МК,Ұ) 3-тапсырма.** Алдымен мұғалім сандарды санатады. **«Бес қадам» әдісі** бойынша неше? сұрағына жауап береді. | Үй жануарларының суреттері “Ма, ме” шылаулары жазылған кеспе қағаздары. |

| | | |
|---|---|---|
| | Суреттерді пайдаланып айтады. Қадам жасайды сұраққа жауап береді. Бес қадамды дұрыс орындаған мәреге жетеді.<br>**СЕРГІТУ СӘТІ.**<br>*Бота төлі түйенің,*<br>*Құлын төлі биенің*<br>*Қой баласы қозы ғой.*<br>*Бұзау төлі сиырдың.*<br>*Оны жақсы білемін.*<br>*Иә, иә ,иә*<br>*Бәрін жақсы, бәрін жақсы көремін.*<br>***(Ж) 4-тапсырма.*** Электронды оқулықтан тыңдап, оқушылар жұппен жұмыс істейді. Берілген үлгі бойынша сөйлеседі.<br>Мұғалім тақтаға жеті қойдың суретін іліп қояды.<br>Қадам жасайды сұраққа жауап береді. Бес қадамды дұрыс орындаған мәреге жетеді.<br>*–Алмабек, мынау не?*<br>*–Бұл - қой*<br>*– Неше қой?*<br>*– Жеті қой.*<br>***(МК,Ұ) Дәптермен жұмыс*** Дәптердегі тапсырманы орындау арқылы оқушылар | Сандар суреті<br>Үй жануарларының суреті |

| | | |
|---|---|---|
| | оқулықпен жұмыс барысында алған білімдерін бекіте түседі.<br>***1-тапсырма*** интербелсенді тақтамен жұмыс.***Сәйкестендіру.***<br><br>***Жетістік критерийі:*** Күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын түсінеді және орынды қолдана алады.<br>Сұрақ қою мен жауап беру барысында таныс сөздерді орынды қолдана алады.<br>Сөйлем құрастыруда жаңа сөздерді мағынасына сай, орынды қолдана алады.<br>***Дифференцация:***<br>***Қабылдау деңгейі жоғары оқушылар:*** жануарларын қалай күтетіні туралы айтып береді.<br>***Қабылдау деңгейі орташа оқушылар:*** жануарлардың үлгі бойынша аттарын атайды, сипаттайды. | https://www.youtube.com/watch?v=BsyfFlArDBg<br>Жеті қой суреті<br><br>№1жұмыс дәптер |



| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың соңы 5 мин.** | Оқушы «Мен анық сөйлеу арқылы, мәселені жақсы және дұрыс түсінгенімді көрсете алдым»<br>**Рефлексия** | |

| | | |
|---|---|---|
| **Дифференциация – оқушыларға көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырмалар қоюды жоспарлап отырсыз?** | **Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеру жоспарыңыз? (ҚБ) Оқушылардың күнделікті өмірде қолданатын таныс сөздердің мағынасын түсіну және оларды дұрыс қолдана алу дағдысын бағалау.** | **Пәнаралық байланыс Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы АКТ Құндылықтармен байланыс (тәрбие) Үй жануарларына қамқоршы болуға үйрету.** |

| | | |
|---|---|---|
| **Қолдау көрсету.** Қабілеті жоғары оқушылар мұғалім үлгісіне сүйене отырып, бір-бірінің отбасы мүшелері туралы сұрақ қояды және жауап береді. | Оқушыларға сұрақтар қойыңыз. Мысалы: | Бейнелеу өнері, сауат ашу сабағы |

**Г.К. ЖОЛМАҒАМБЕТОВА,**
**№39 гимназия.**
Алматы облысы,
Іле ауданы,
Боралдай кенті

# ТӘУКЕ ХАН ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

| | |
|---|---|
| **Сабақ негізделген оқу мақсаттары:** | Тәуке хан тұсындағы Қазақ хандығының ішкі-сыртқы саясаты, билер туралы білім алады. |
| **Сабақ мақсаттары:** | **Барлық оқушылар:** Тәуке хан тұсындағы Қазақ хандығының ішкі жағдайын біледі. |
| | **Оқушылардың басым бөлігі:** Тәуке хан тұсындағы хандықтың жоңғар, орыс мемлекеттерімен қарым-қатынасын түсінеді. |
| | **Кейбір оқушылар:** “Жеті жарғы”, билер туралы толық мағлұмат жинайды. |
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар:** Тарихи оқиғаларға мысалдар келтіріп, сипаттай алады. |
| | **Негізгі сөздер мен тіркестер:** Хандар (Жәңгір, Тәуке), батырлар, билер. Жер атаулары. Жаушы, Жарғы, би кеңесі. |



| | |
|---|---|
| | **Талқылауға арналған тармақтар:** **1.** *Тәуке хан болу қарсаңындағы Қазақ хандығының саяси жағдайы;* **2.** *Тәукенің хан тағына отыруы;* **3.** *Тәуке хан тұсындағы Қазақ хандығының ішкі-сыртқы жағдайы;* **4.** *“Жеті жарғы”;* **5.** *Ұлы билер.* |
| | **Жазылым бойынша ұсыныстар:** Даталарды дәптерге жазады. |
| **Алдыңғы оқу** | Өтілген тақырыптарға шолу жасау |

| **Жоспар** | | |
|---|---|---|
| **Жоспарлан-ған уақыт** | **Жоспарланған жаттығулар** ***(төменде жоспарланған жаттығулармен қатар ескертпелерді жазыңыз.)*** | **Ресурстар** |
| **Басталуы 0-10 мин.** | **Жағымды ахуал қалыптастыру** Суреттердегі қай ханға ұқсағысы келсе, сол суретке барып, өз аты жазылған смайликті жапсырады. **Топқа бөлу** Қай ханды таңдады, сол оқушылармен суреттің артында көрсетілген топқа барып отырады. | “Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз” |

| | | |
|---|---|---|
| | **Семантикалық карта:** | 1.Жәңгір хан.<br>2.Тәуке хан<br>3.Ұлы билер.<br>4.«Жеті жарғы».<br><br>Әр оқушыға тапсырма қағазы беріледі. |

| **Хандар** | Абдаллахмен баласының арасындағы қайшылықты пайдаланды. | Оның тұсында атты әскердің саны 300 мың болды. | Ол 1627 жылы қалмақтарға қарсы жорыққа аттанды. | Бұл хан 70-80 мың қолмен Бұхараға аттанды. | Абдаллах оған Түркістан аймағындағы бірнеше қаланы сыйға берді. | Оның тұсында Мальцевпен Чебуков Қазақ хандығына келді. |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Қасым хан** | | + | | | | |
| **Хақназар хан** | | | | | + | + |
| **Тәуекел хан** | + | | | + | | |
| **Есім хан** | | | + | | | |

**Жауабы:**

| **Хандар** | Абдаллахмен баласының арасындағы қайшылықты пайдаланды. | Оның тұсында атты әскердің саны 300 мың болды. | Ол 1627 жылы қалмақтарға қарсы жорыққа аттанды. | Бұл хан 70-80 мың қолмен Бұхараға аттанды. | Абдаллах оған Түркістан аймағындағы бірнеше қаланы сыйға берді. | Оның тұсында Мальцевпен Чебуков Қазақ хандығына келді. |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Қасым хан** | | + | | | | |
| **Хақназар хан** | | | | | + | + |
| **Тәуекел хан** | + | | | + | | |
| **Есім хан** | | | + | | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Ортасы 10-35 мин.** | **Постер қорғау**<br>Тәуке хан тұсындағы Қазақ хандығы тақырыбына. Әр топқа тақырыпшалар беріледі. Олар **“Хандыққа саяхат”, “Тарих толқынында” бағдарламасы, “Тарихи тұлғаға хат”,** | |



| | | |
|---|---|---|
| | **“Тарих беттерінен көрініс” арқылы қорғайды.**<br>Топтар бір-бірінің жұмыстарын **“өте жақсы”, “жақсы”, “орташа”** арқылы бағалайды.<br>**“Адасқан оқиғалар” әдісі**<br>**1.** *Батыр қонтайшының 3-ші ірі жорығы болды.*<br>**2.** *Жәңгір билікке келді.*<br>**3.** *Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанға жоңғар әскері басып кірді.*<br>**4.** *Қазақ хандығына Хақназар тұсында орыс елшілері келді.*<br>**5.** *Қазыбек би қайтыс болды.*<br>**6.** *Орбұлақ шайқасы болды.*<br>**“Адасқан оқиғалар” Жауабы:**<br>*1573 жылы Қазақ хандығына Хақназар тұсында орыс елшілері келді.*<br>*1628 жылы Жәңгір билікке келді.*<br>*1643 жылы Орбұлақ шайқасы болды.*<br>*1652 жылы Батыр қонтайшының 3-ші ірі жорығы болды.*<br>*1680 жылы Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанға жоңғар әскері басып кірді.*<br>*1764 жылы Қазыбек би қайтыс болды.*<br>**Сергіту сәті:** | А 3 форматты қағаз, қалам, фломастер, стикер<br>Оқушылар топпен адасқан оқиғаларды жылдарын тауып ретімен жазу керек<br>Соңынан бағалайды. |

| | | |
|---|---|---|
| **Аяқталуы 35-45 мин.** | **“Маңызды аймақ” стратегиясы.**<br>Кейіпкерлер есімі беріледі. Тақырыптағы рөліне орай аймақтарға орналастыру керек.<br>*Тәуке хан, Жәңгір хан, Жалаңтөс, Қарасай, Ағынтай, Сырым, Тәуекел,*<br>*Бұрындық, Тайкелтір, Қазыбек би, Аталықов, Сарпың, Батыр қонтайшы, Әнет баба, Көксерек, Жиембет, Абылай, Төле би, Әйтеке би, Қазанғап, Құрманғазы.* | |

| | |
|---|---|
| Венн диаграммасы Тәуке хан мен Н.Ә.Назарбаев<br>Бағалау парағы бойынша ең көп жауап берген топ және топ мүшелері анықталады.<br>**Үйге:** Тәуке хан тұсындағы Қазақ хандығы тақырыбын оқу, эссе жазу, сұрақтармен жұмыс тапсырылады. | Бағалау парақшалары |

| | | |
|---|---|---|
| **Саралау**- Сабақ барысында оқушыларға көмек беремін, толықтырамын, қазіргі заманмен байланыстырамын, қабілеті жоғары оқушыларға қосымша тапсырма беремін. | Бағалау-бағалау парақшасы арқылы бағалаймын. | Пән аралық байланыс: география, әдебиет |

| Оқушының аты-жөні | Семантикалық карта (0-6 ұпай | Постер қорғау ( 0 - 5 ұпай | Адасқан оқиғалар (0-6 ұпай | Маңызды аймақ (Жинағанына орай) | Венн диагр. (Жинағанына орай) | Жалпы балл |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | | | |
| 2. | | | | | | |
| 3. | | | | | | |
| 4. | | | | | | |
| 5. | | | | | | |

| | |
|---|---|
| **Рефлексия** | Кемпірқосақ |

**Қорытынды бағамдау**

Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)

**1.**

**2.**

Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алды? (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)

**1.**

**2.**

Сабақ барысында мен сынып пен жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?



***Өнеге сағаты***



**Л.Е.ШЫРДАБАЕВА,**
**«Қ.Жазықов атындағы орта мектебі» КММ.**
Кемерши ауылы,
Байғанин ауданы,
Ақтөбе облысы

# ҚАЗАҚ ЖЫРЫНЫҢ ХАНТӘҢІРІ

***Мақсаты:*** Ақын өлеңдерінің мазмұнын ұғындыру, өлеңді мәнерлеп жатқа оқыту. Жас буынды поэзия нәрімен сусындату, ақынның өлеңдеріне деген сүйіспеншіліктерін ояту. Оқушыларды поэзияны сүйе отырып, ақын жырларынан үлгі алуға, адамгершілік пен мейірімділік қасиеттерін өз бойларына сіңіре білуге тәрбиелеу.

Әсем безендірілген сахнаға оқушылар ақынның ***“Алтай - Атырау” өлеңінен*** үзінді оқи келеді.

***Айбар:***

*– Уа, армысың!*
*Ардақты, киелі Жер!*

*Туған елін Мұхтардай сүйе білер,*
*Сыйлай білер, паң басын ие білер.*
*Уа, армысың!*
*Ардақты киелі жер!*
*Алтын теріп әр түйір тастарыңнан,*
*Бақыт таптым бауырыңнан, асқарыңнан.*
*Айхай далам сусындат дастаныңнан!*
*Жаяу кезсек ғұмырың жетпейді екен,*
*Құс боп ұшып өтейін аспаныңнан,*
*Ән болайын Алтайдан басталынған,*
*Күй болайын Каспийге тасталынған,*
*Айхай, далам, сәт сапар аспаныңнан!*

***Асхат:***
*– Жан бітірген далаға, адамыңа,*
*Сағыз толқып, Жем тасып бара жатыр.*
*Жан бітіріп тарының сабағына,*
*Қызыр жайлап, қызық боп міне жатыр.*
*Қырқасына Мұғаджар, балағына,*
*Қалай ырза болмассың заманыңа?!*
*Ойылы ма, бұл маңның Ырғызы ма,*
*Бәрі дағы бергісіз қырмызыға.*
*Бір пенде басын имей өте алмайды,*
*Жерде жанған Шығанақ ұл-қызыңа,*
*Сансыз сәлем Ақтөбе ұл-қызыңа!*

***Дәуір:***
*– Армысың, ардақ мекен, асыл мекен!*
*Айрықша топырағың, тасың бөтен,*



*Бабалар бақыт іздеп кезуші еді,*
*Білмепті бақыттары қасында екен,*
*Ғасырлар сілемімен басулы екен.*
*Білемін ақын жортқан бұл өлкені,*
*Мәңгілік мекендеген жыр-ертегі,*
*Қарттары өлеңменен намаз оқып,*
*Жастары жыр жастанып күнелтеді.*

***Айбар:***
*– Көңіліме нұр, бойға күш таратылып,*
*Құсқа мініп ұштым мен жаңа туып,*
*Өгейің емеспін мен, өз балаңмын,*
*Өзіңмен мәңгілікке қалатұғын,*
*Кеудемде кереметтер жаратылып,*
*Думандатып жатырмын мен жаңа туып.*

***Асхат:***
*– Кең дүние, төсіңді аш, мен келемін,*
*Алынбаған ақым бар сенде менің.*
*Бұйрат құмдар - бұйығып шөлдегенім,*
*Бура бұлттар - бусанып терлегенім.*
*Аспанындай кей сәтте күрсінемін,*
*Жас талындай жауқазын бүршік едім.*
*Кең дүние, керемет қалпыңменен,*
*Жүрек болып кеудеме кірші менің.*
*Байтақ ел, балауса тау, бозаң далам,*
*Секілді бәрі менен көз алмаған»*
*Кең дүние, кенде етсең сыбағамнан,*
*Шырылдаған сәбидей мазаңды алам.*

*Кең дүние, төсіңді аш, саған барам.*

***Дәуір:***

*– Күн батты ма, түн келді ме, таң атты ма қайтадан,*
*Құдіретті тірлігіңе кірістің бе қайта, Адам?!*
*Арма, өмір, бар әлемді баурына алып шайқаған!*
*Әлем - дархан, саялаңдар, бәріңе де орын бар,*
*Қорған емес, салтанатты сәнді сарай соғыңдар.*
*Ей адамдар, сендер тату , сендер тату болыңдар!*

***Бәрі бірге:***

***Тату-тәтті бармысыңдар, армысыңдар, Адамдар!***

*Жыл керуені алға жылжыған сайын Мұқағали Мақатаевтың артына қалдырған өшпес мұрасы жарық жұлдыздай сәулесін шаша жарқырап, өркендей өсіп, айшықтала түсуде.*

*Ендеше, қадірменді жыр сүйер қауым, бүгінгі* ***"Қазақ поэзиясының Хантәңірі"*** *атты әдеби сазды кешімізге қош келдіңіздер!*

*Тірлігінде сүймеген жағынуды,*
*Тау тұлғалы болмысың жаныма үлгі.*
*Асқақ келіп өмірден асқақ өткен,*
*Сағындың ба, Қарасаз, нар ұлыңды?*
*Үндес, мұңдас өзіңмен халық үні,*
*Аспантаудың апайтөс алып ұлы.*
*Жыр сүйетін жұртыңның жадындасың,*



*Тыныш ұйықта Кеңсайда, рухың тірі.*
*Бақыты-жыр, бары-жыр, байлығы-жыр,*
*Тілегі бір халқымен, тағдыры бір.*
*Ақындықтың антына адал болған,*
***Мұқағали – таусылмас мәңгі ғұмыр! (Бәрі бірге.)***

***Ән: "Сарыжайлау" – Орындайтын: Аймолда Айжан.***

***(Айжанар мен Асхат) – жүргізушілер.***

***Жүргізуші:*** *– Сахнаға Мұқағали ағамен 10жыл бірге оқыған әрі досы, әрі туысы Әбдіке Асановты шақырамыз.* ***(Әбдіке Асанов рөлінде – оқушы)***

***–*** *Әбдіке ата, сіз Мұқағалимен 10 жыл бірге оқыдыңыз, ол туралы қандай естеліктер айтар едіңіз?*

***Әбдіке Асановтың өкілі:***

*– Біз екеуіміз Қарасазда дүниеге келдік. Мұқағалидың шын аты – Мұхаметқали, оны бірі білсе, бірі білмейді. Кезінде жеңгелері, ауыл әйелдері пайғамбардың аты аталатын бұл есімді атауға жүрексініп, оны Мұқағали деп атап кеткен. Ақынның әкесі Сүлеймен шаруа адамы еді. 1941 жылы желтоқсанда майданға аттанып, содан оралмады. Шешесі Нағиман да қарапайым, мейірімді жан болатын.*

***Жүргізуші:*** *– Әбдіке ата, Мұқағали ағаға қатысты мектеп өмірінен қандай естелік айтар едіңіз? Мұқағали аға мектепте қалай оқыған?*

***Әбдіке Асанов рөлінде оқушы:*** *– Мұқағали*

*өте зерек, алғыр болатын. Мектептің қабырға газетінде жаман оқитын балаларды «Тасбақаға», ал жақсы оқитын оқушыларды «Ұшаққа» мінгізіп, суреттерін салып, астына аттарын жазып қоятын. Біз сол «Ұшақтан» түспестен, мақтау қағазымен бітіріп шықтық.*

***Жүргізуші:*** *– Мұқағали ағаның бала кездегі мінез-құлқы, тәртібі қандай болды?*

***Әбдіке Асанов рөлінде оқушы:*** *– Мұқағалиды тентек болған жоқ деп айта алмаймын, болды, бірақ ақылды тентек болды.. Ол әділетсіздікке жаны қас болып өсті. Үлкеннің алдын кеспейтін, өзінен кішілерге қамқорлығын аямайтын, тура мінезімен енжар, бұзық балаларды жөнге салып жүретін. Тағы бір қасиеті* **–** *таза, ұқыпты болатын.*

***Жүргізуші:*** *– Мұқағалидың алғаш рет ақындық қабілетін танытқан өлеңі неше жасында жазылған еді?*

***Әбдіке Асанов:*** *– Мұқағали әкесі Сүлеймен 1941жылы соғысқа аттанғанда, Мұқағали небәрі 10-жаста еді. Ақынның алқашқы өлеңі сол соғысқа кеткен әкесіне деген сағыныштан туған екен. Рұқсат болса сол өлеңімді оқып берейін.*

*Сол жерде Сырымбеттей тау барма екен,*
*Жайдақтың шөбі шүйгін қаулар ма екен.*
*Мінеки көп ай болды хабары жоқ,*
*Әкем кеп көңілімізді аулар ма екен?*
*Әкеміз бір әкеден жалғыз еді,*



*Судағы жаңа біткен жалбыз еді.*
*Мінеки көп ай болды хабары жоқ,*
*Біз-дағы әкемізге зармыз енді.*

***Өсербайқызы Ақжүніс:*** *"Ақ кимешек көрінсе",*

***Қазбекова Қызғалдақ:*** *"Шеше, сен бақыттысың!"*

***Құлынтаев Ақниет:*** *"Бұзылған там" өлеңдері мәнерлеп оқылады.*

***Ән: "Аңгал досым-ай" –***
***Орындайтын: Ержанов Нұрлат.***

***(Сахна сыртындағы дауыс)***

*– М.Мақатаев арқалы ақын, ол өз өмірін алдын-ала болжап, айтып кеткендей сезілетіні де рас. Қарасаз ауылындағы сегізжылдық мектепте бірге жұмыс жасаған, Мұқағалидың өкшебасар, ауылдас інісі Еркін Ібітановпен әңгімесіне назар аударайық.*

***(Сахнада Еркін мен Мұқағали. Сахна сыртындағы дауыс)***

*Қарасаз ауылы, Қарасу бойы, қос ақын*
*Оңаша сәтте бір-бірін жиі тосатын.*
*Ауылы ортақ Еркін мен Мұқағалидың,*
*Елуінші жылдар, екеуі де онда жас ақын.*

***Мұқағали:***

*– Көресің, бауырым, Мен болашақта ел танитын ақын болам. Менің қуатты, отты өлеңдерім маған мына Эньгелс атындағы ауылдың атын алып береді. Ауыл менің атыммен*

*аталады. Ал сен, сенде аздап жалқаулығың болмаса жаман ақын емессің. Әййй, бәтшағар, дегенмен саған қай ауылдың...*

*– Еееe, Мұқа, ол ауылдың атын иемдену үшін әлі талай еңбек ету керек шығар.*

*- Иәәә, әй Еркін, мына табиғат, мына сұлулықтың өзі өлең боп құйылып тұр емес пе!? Тыңдашы...*

***Қазақ жыры.***

*– Пай! Пай! Пай! Киелі неткен жер!*
*Батырлар дүрілдеп өткен жер,*
*Тұлпарлар дүбірлеп төккен тер,*
*Ғашықтар бір-бірін өпкен жер,*
*Сарылып сал-сері кеткен жер.*
*Бас иіп, иіскеп топырағын,*
*Тағзым жасамай өтпеңдер!*
*Мына өлке, мына аймақ, бұл маңда*
*Құлшылық етемін тұрғанға,*
*Құлшылық етемін құмдарға,*
*Тағзым жасаймын қырларға!*
*Шүкірлік етемін қашан да*
*Осы бір Отанда тұрғанға!*

*Жазы бар жалынмен жандырған,*
*Қысы бар аязға қардырған.*
*Көктемі – балауса, балдырған,*
*Ал күзі – алып бір ақ қырман,*
*Ақ дәннен ақ нөсер жаудырған,*



*Күрең нан жаңа алған тандырдан.*
*Көлденең көлбеген көкжиек*
*Қыранның қанатын талдырған.*

***Еркін бір өлеңін оқиды. “О, туған ел!” (Айбар.)***

***“Үш бақытым”: – Нұрбергенқызы Диляра.***

***Ән: “Туған өлке” – орындайтын: Дәулетқалиева Елнұр.***

***Айбармен диалог – (Ақниет пен Жарас.)***

***“Кешір, балам” – Еділ.***

***Ән: “Сәби болғым келеді” – Орындайтындар: Мұстафа Назгүл, Ақботаев Зена.***

***Көрініс:*** *“Шаршадым білем” – Елшат;*
*“Шыда, шыда” – Нұрасыл;*
*“Айығып келем” – Елшат.*

***Ән: “Жарығым-ай” – Орындайтын: Таңбаев Ахметжан.***

*– Ән сал, жаным!*
*тірлік жер көктегі.*
*Дала ұйысын,*
*Дамылдап, таулар жатсын,*
*Әніңмен тербет мені,*
*Бір сәтке,*
*Тынсын Таулар жатсын мәңгілік жөргектегі.*

***Ән: “Мен ғашықпын”***
***– Орындайтын: Дәулетова Дильназ.***

***“Қайран жандар” – оқитын: Болатбекқызы Наргиза.***

***Ән: “Махаббатты армандайтын” – орындайтын: Өтен Асхат***

***Ән: “Сол сен бе едің?” – Шайнуллин Дәуір, Афуова Жібек.***

*– Жайласып жатыр ақырын,*
*Зал толы жырдың достары.*
*Тыңдамақ абзал ақынын,*
*Ардақты оның ел-жұрты.*

*Ақын ше? Ақын келмеді,*
*Бос күтті төрде бір орын.*
*Күмбірлеп залды кернеді,*
*Сөз алып сонда жыры оның.*

*– Арамызда ақын жоқ, бірақ жыры, шығармалары қалды, жыр сүйгіш ұрпақтары қалды. Ендігі сөз кезегін сол ұрпақтарына берейік.*

***“Жалғасын тап” көрерменмен жұмыс.***

***Марапаттау.***

***“Еркін микрофон”.***

***Ұстаздарға сөз кезегін беру.***





**М. СЕКСЕМБАЙҚЫЗЫ,**
**С.Сейфуллин атындағы**
**Алматы облыстық**
**әмбебап кітапханасының**
**кітапханашысы.**
Алматы қаласы

# БІР ЕЛ – БІР КІТАП

Елімізде республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясы ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында 2007 жылдан бастап өткізіліп келеді. Акцияның мақсаты – ұлттық әдебиетіміздегі ең үздік деген туындыны оқу және насихаттау, оқу ісін ілгерілету, рухани мұрамызды сақтау, сонымен қатар, акция қоғамның отандық әдебиетке, оның ішінде классикаға, қазіргі әдебиет пен поэзияға деген қызығушылығын әрі қарай жоғарылатуына мүмкіндік туғызады.

8 қаңтар күні С.Сейфуллин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапаханасының ұйымдастыруымен “Бір ел – бір кітап” акциясы бойынша 2019 жылы таңдалған Ә.Кекілбаевтың “Аңыздың ақыры” және Ә.Тәжібаевтың шығармаларына “Дара тұлғалардан қалған мол мұра” атты дөңгелек үстел өтті.

Шара барысында Ә. Кекілбаевтың “Аңыздың ақыры” романы мен ақын Әбділда Тәжібаевтың поэзиялық шығармалары туралы

баяндама оқылып, бейнесюжет көрсетіліп, жұртшылықтың назарына ұсынылды. Қазақстанның әдебиеті мен тарихына сүбелі үлестерін қосып жүрген жазушы, Әли Ысқабай, "Жетісу" газетінің тілшісі Қажет Андас, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, сатирик, жазушы Тұрлыхан Кәрім сынды әдебиет майталмандары аталған шығармалар жайында ой-пікірлерін ортаға салды. Сонымен қатар, Тараз инновациялық гуманитарлық университетінің студенті Бейбарыс-Сұлтан Өмірбай Әбділда ақынның поэзиялық шығармасын оқыды.

Кеш соңы қатысушыларға алғыс хаттар табысталып, естелікке суретке түсумен аяқталды.
2018 жылдың қорытындысы негізінде Алматы облысы бойынша С. Сейфуллиан атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапханасы "Бір ел – бір кітап" акциясын жүзеге асыруда, насихаттауда үздік деп танылған болатын. Осы тұғырымыздан биыл да таймауды мақсат қып, акцияны насихаттауда аянып қалмаймыз!

Барлықтарыңызды бір қауым, бір қала, бір ел болып Ә. Тәжібаев шығармалары мен Ә.Кекілбаевтың "Аңыздың ақыры" кітабын бір ауыздан оқуға шақырамыз.



## *"Бір ел – бір кітап" акциясы бойынша 2019 жылы таңдалған Ә.Кекілбаевтың "Аңыздың ақыры" және Ә.Тәжібаевтың шығармаларына "Дара тұлғалардан қалған мол мұра" атты дөңгелек үстелдің СЦЕНАРИЙІ*

***Мақсаты:*** *Ұлттық әдебиетіміздегі ең үздік деген туындыны оқу және насихаттау, оқу ісін ілгерілету, рухани мұрамызды сақтау, сонымен қатар, акция қоғамның отандық әдебиетке, оның ішінде классикаға, қазіргі әдебиет пен поэзияға деген қызығушылығын әрі қарай дамытуына мүмкіндік туғызады.*

***Көрнектілігі:****Кітапхана фойесінде "Қос қаламгер – қос ішек" атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, библиографиялық шолу жүргізіледі.*

***Жүргізуші:***

*– Құрметті қонақтар, оқырмандар! Қош келдіңіздер! Бүгінгі біздің "Дара тұлғалардан қалған мол мұра" атты дөңгелек үстелді өткізуге себепкер болып отырған "Бір ел – бір кітап" акциясы. Біздің елімізде республикалық "Бір ел – бір кітап" акциясы ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында 2007 жылдан бастап өткізіліп келеді. Акцияның мақсаты – ұлттық әдебиетіміздегі ең үздік деген туындыны оқу және насихаттау, оқу ісін ілгерілету, рухани мұрамызды сақтау, сонымен қатар, акция қоғамның отандық әдебиетке, оның ішінде классикаға,*

*қазіргі әдебиет пен поэзияға деген қызығушылығын әрі қарай жоғарылатуына мүмкіндік туғызады. Біздің елде биылғы акция бойынша әлеуметтік желі қолданушылары арасында ең көп дауысқа ие болған екі кітап таңдалынып отыр, біріншісі Қазақ совет әдебиетінің тарихындағы көрнекті ақын-жазушының бірі – Әбділда Тәжібаевтың шығармалары, екінші-кемеңгер тұлға, ірі қоғам қайраткері, аса дарынды жазушы – Әбіш Кекілбаевтың "Аңыздың ақыры" кітабы.*

***Алғашқы сөз С.Сейфуллин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапханасы директоры Тоқабаева Ғалия Сламбайқызына беріледі.***

*С.Сейфуллин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапханасының библиография бөлімінің меңгерушісі Қыдырманова Нұртай Мелісқызының "Бір ел – бір кітап" акциясы бойынша баяндамасы.*

***Жүргізуші:***

*– Әбіш Кекілбаев... ХХ ғасырдағы қазақ қауымының, түркі әлемінің заңғар жазушысы, кешегі Мұхтар, Сәбит, Ғабит сияқты алдыңғы толқын ағаларымыздың мұрагерлерінің бірі, бұл күнгі қазақ әдебиетінің туын ұстаушылардың бірі, бірегейі. Дәуірдің кемеңгер қаламгері әдебиет атты мұхиттың буырқанған жағасына өлеңмен келіп, кейіннен әлемнің назарын өзіне аудартқан шебер жазушы болған Әбіш Кекілбаев табиғи талантынан бастау алған*



*әлемдік әдебиеттің небір інжу-маржанынан сыр арқауын тартқан шығармасымен, елінің ертеңіне сарабдал ой тастап, бүгінгісіне шеберлікпен талдау жасаған саясаткерлік, қайраткерлік, азаматтық парызы биік, телегей -теңіз талант иесі екендігі мәлім. Әбіш Кекілбаевтың "Аңыздың ақыры" романының қысқаша мазмұны көрсетілген видеоға назар аударыныздар!*

***Ендеше осы Әбіш Кекілбаевтың "Аңыздың ақыры" атты туындысы туралы баяндама оқуға ЖМУ-нің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының докторанты Мүлік Дәулеткерейге сөз кезегін береміз.***

***Жүргізуші:***

*– Әбділда шығармаларының негізгі үлгісі, жанры – поэзия. Бұл жанрдың ішінде айқын ерекшелігі оның сыршыл, лирик ақын болуында. Ақын еңбектері әуелі қысқа, көбінше саяси лирикадан басталады да, кейін лирикалық толғауларға, лирика сарыны мол романтикалық поэмаларға да ауысады. Қазақ әдебиетінің тарихында есімі алтын әріппен жазылар ірі суреткер. Ол, сонымен қатар, әдебиеттану, театртану саласында да көп бейнеттенген ілім иесі. Абыздар мен аңыздар елінен шыққан, жыр дүлдүлі, Сыр сүлейі Әбділда ақын көтерген руханият биігі оның ілімгерлігін ұрпақтан-ұрпаққа асқақтата бермек.*

***Ендігі сөзімізді Әбділда Тәжібаевтың***

***шығармашылығына байланысты “Сыр бойынын мәуелі бәйтерегі” атты баяндаманы оқуға №25 орта мектеп қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Бимолдина Гүлназирға сөз береміз.***

***Жүргізуші:***

*– Жазушылардың, қаламгерлердің қай қоғамда болмасын алатын орны ерекше болған. Ұлы Жаратушыдан жеткен төрт кітаптың бірі Інжілде “Әуелі сөз болған” деп жазады. Демек, сөз ұстаған адам, қалам ұстаған адамның қай қоғамда, қай елде болмасын атқаратын жүгі де, жауапкершілігі де зор болған. Бұл – адамзат дамуының әр кезеңіндегі ұлы қоғамдарда, ұлы мемлекеттердің бәрінде бірдей орын алған құбылыс. Жазушы бір ұрпақты ғана емес, тұтас ұлтты тәрбиелейді. Ұлы Абайдың дүниеден өткеніне жүз жылдан астам уақыт өтсе де, бір ғасырдан астам уақыттың ішінде қазақ халқының талай буыны ақын шығармаларымен тәрбиеленді. Жазушы туралы бекерге сөз қозғағанымыз жоқ.*

***Келесі сөз Ұлы Абайдың ізін жалғаушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жазушы Әли Ысқабай ағамызға беріледі.***

***Жүргізуші:***

*– Жазушы, ақын, қаламгер, шығарма, туынды... Бұл ұғымдар халқымыз үшін қашанда қасиетті. “Өнер алды - қызыл тіл” деп тілді, оның құдіретін ерекше бағалайтын халқымыз ақындары мен шешендерін, дуалы ауызымен ұлттық, елдік мәселелерді шешкен көсемдерін қашанда ардақ тұтқаны тарихтан белгілі жайт. Бүгінде де елдің болашағы, халқымыздың ынтымағы мен берекесі, рухани құндылықтар, тәуелсіз еліміздің баянды жетістіктері, мемлекетіміздің бүгінгі келбетін әңгіме, поэма, романдарына арқау ететін тұлғалар және олардың шығармалары туралы сөз болды.*

***Келесі сөз Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, сатирик, жазушы Тұрлыхан Кәрімге беріледі.***

***Ә.Тәжібаевтың өлеңдерін оқу.***

***Тараз инновациялық гуманитарлық университетінің студенті Бейбарыс-Сұлтан Өмірбай.***

***Жүргізуші:***

*– Шабыт – жалқаулардың үйіне бас сұқпайтын тәкаппар ару. Сол аруды ырқына көндіріп, алдында бас игізетін қаламгер – жүректерді жаулаушы. Сондай сөз зергерлерінің бірі әрі бірегейі – зерттеуші, облыстық “Жетісу” газетінің тілшісі Қажет Андас ағамыз. Сөз тізгіні өзіңізде!*

***Қорытынды***

*Биылғы жылғы «Бір ел – бір кітап» акциясына аталмыш тұлғалардың шығармаларының таңдалынып алынуы тегін емес.*

*Әбіш ағамыз бір сөзінде: «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана», – деген екен. Олай болса, баршаларыңызды бір ел болып, біздің шаңырағымызда осы туындылармен танысуға шақырамыз! Келесі кездескенше, сау-саламатта болыңыздар!*

**Л.БУЛТЕКОВА,**
**С.Жиенбаев атындағы**
**облыстық жасөспірімдер**
**кітапханасының қызметкері.**
Ақтөбе қаласы

# ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ – ЖЕТІ АЛАШТЫҢ ТАРИХЫ

*Рухани құндылық, биік адамгершілік жоқ жерде үлкен өркениет орнату мүмкін емес.*

***Н.Ә.Назарбаев.***

С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласын насихаттау мақсатында «Ұлы далаға бізде қарыздармыз» тақырыбында патриоттық сағаты болып өтті. Ұлттық тарихымыз бен мәдениетімізді өскелең ұрпақ санасына жеткізу мақсатында өткізілген шараға Ақтөбе гуманитарлық колледжінің кітапхана ісі бойынша 1 курс студенттері және кітапхана оқырмандары қатысты. Шара барысында кітапхана директорының орынбасары Үржан Құрманқызы Кудасова аталған мақаладағы деректер мен дәйектерді, құндылықтар мен мәдени мұралар туралы қысқаша мағлұмат берді.

Қазақ тарихы – жан-жақты тарих. Қазақ мәдениеті – жан-жақты мәдениет. Даланың қағандары мен хандары, билері мен батырлары, сардарлары мен сарбаздары, салдары мен серілері, тарих мұңын жоқтаған жырау да, табиғат мұңын шаққан сазгер де, сөз саптаған шешен де, найза ұстаған көсем де бола білген. Соған орай, халық та осы сарбаздарын, ақындарын, сазгерлерін, шешендерін, көсемдерін шексіз құрметтеген, еркелеткен. Оларға еліктеген, таланттарына тағзым етіп, дарындарына қошемет көрсеткен.

Елбасының «Рухани жаңғыру» мақаласының жалғасы болып табылатын «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі кезеңді қамтитын Ұлы даланың жеті қырын атап көрсетті.

Алтай мен Атыраудың арасын, Ертіс пен Есілдің жағасын



мекендеп, Қаратаудан Ұлытауға дейінгі ұлы даланы жайлаған ұлтымыздың ұлылығына, бабаларымыздың батырлығына, ұлттық тарихымызға терең үңіліп, оның күрмеулі түйінін шешуге мүмкіндік береді. “Жаяу жүрсе – бір қазақ, атқа мінсе – мың қазақ”, – демекші, даланың дүлділі сәйгүлікті қолға үйретіп, адамзат баласына атқа міну мәдениетін қалыптастырып, ұлы даламыздан табылған Алтын адамды, Ұлы Жібек жолын, Түркі әлемінің алтын бесігін жан-жақты ой елегінен өткізіп, терең зерделеуді талап етеді.

Тарихымызды түгендеп, өткенімізді жаңғыртып, өшкенімізді қайта жағу жолында бірнеше бағдарламалар мен жобалар ұсынылды.

«Архив-2025» жеті жылдық бағдарламасы ұсынылып, цифрлық форматқа көшіруді тапсырды. Себебі ұлтымыздың ұлылығын дәлелдейтін деректер мен тарихи тың материялдар шаң басқан архивтермен ұлы тұлғалардың еңбектерінде екені ақиқат. Еліміздің тарихи жылнамасындағы ақтаңдақтарды қайта қалпына келтіруге жол ашқан «Мәдени мұра» бағдарламасы, «Ұлы даланың ұлы есімдері» және «Ұлы Дала тұлғалары» сынды жобаларының мақалада көзделген мақсаттарды жүзеге асыру жолындағы атқаратын рөлі ерекше. Жалпы Елбасының бағдарламалық мақаласының өзегі – рухани кемел ел болу.

«Ұлы даланың жеті қыры – ұлттық болмыстың негізі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, көрмеге библиографиялық шолу жасалды. Сонымен қатар кітапхана программисі Есенаманова Жанат «Ұлы даланың жеті қыры – жеті алаштың тарихы» атты слайд, бейнероликтерді дайындап көрсетті. Жас кітапханашы Зейнекен Аяулым Сырым Әуезханның «Ұлы даланың жеті қыры» атты өлеңін оқыды. Шара соңында Ақтөбе гуманитарлық колледжінің оқытушысы Гүлмирам Қосымқызы Даулетқалиева Елбасы мақаласы туралы өз ой-пікірін айтып, кітапхана қызметкерлеріне ризашылығын білдірді.

Сөзімді қорытындылай келе, *«Тамырсыз тал болмайды, тарихсыз ел болмайды»,* – демекші, әр қазақстандық азамат өз тарихын мақтанышпен жетік білуге тиіс деп ойлаймын.

**Бас редакторы – Гүлдәрі ТӨЛЕУҒАЗЫҚЫЗЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті”** –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:** «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.
**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.
Басуға 05.03. 2019 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32
Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.
Шартты басылым табағы – 8.0.
Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы –5000.
Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**
**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,
Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.
Бас редактордың қабылдау бөлмесі және
бөлімдер...............268-32-48.
Факс......................243-15-53.
**Электрондық пошта:** Kazulagat@mail.ru.
**Журнал сайты:** www.kazhu.kz
**Басылатын жері** – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №3, 2019 ж., 144 бет, Алматы.